Jetisý
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

КӨКТЕМ-КӨҢІЛ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

ҰЛТ ДӘСТҮРІН ДӘРІПТЕЙМІЗ

Көктемнің алғашқы күндерінен-ақ қуаныш құсы айналаға мейірімін төгуде. Әуелгі қуаныш әлемге ізгіліктің нұрын сепкен ақжаулықты аналарымыздың мерекесі болса, одан кейінгі думан – Ұлыстың ұлы күні. Қос мейрамның да әкелер ізгілігі көл-көсір. Әсіресе әлімсақтан әдет-ғұрпын әлдилеп өскен қазақ елінің ұлттық болмысының түлейтін шағы бұл. Соған орай ғасыр жасынан асқан «Жетісу» газетінің ұжымы үстіне ұлттық нақыштағы киімдерді киіп, дәстүр жалғастығына жол ашты.

Иә, жүз бірінші көктемін қарсы алған басылым рухани-тағылымдық әрі ұлттық мән-мағынасы зор шара шымылдығын түрді. Газет журналистері бірыңғай ұлттық киім киюге көшті. Мыңдаған жылдың жұмбағын жасырған қазақы ою-өрнек енді ұлттық мүдде біріктірген тілшілердің үстінде жарқырамақ.

Бұл бастаманың мақсаты – сырт киім үлгісімен ғана қазақ екенімізді көрсету емес, ұлтқа деген шексіз құрметтің бір белгісі десек те болады. Алатаудың ар жағындағы қырғыз ағайынның Парламентте ақ қалпақпен, өз ағам дейтін өзбек бауырлардың ала шапанмен жүретінін, тәжіктердің мектеп формасына дейін ұлттық киімге негізделгенін ескерсек, Ұлы Дала перзенттері неге төл құндылығын мақтан тұтпасқа?!


Көңілге де көктем сыйлаған газет журналистерінің бұл бастамасы ең алдымен Ұлыстың ұлы күні – Наурызға деген ерекше құрметті білдіреді. Жаңа бастама қазірдің өзінде жақсылыққа жаны құмар өзге де әріптестеріміздің қызығушылығын тудыруда. Құрметті оқырман, сіз де қалыс қалмаңыз! Қаймағы бұзылмаған қазақы қалпымызды сандықта сақтағанша, елдің жүрегіне жылылық ұялатайық.

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР»

Құттықтаймыз!

Барлық әйел ұстаздарды көктем мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгідей мереке күні сіздердей асыл жандарға арайлы таңның самалындай көңіл-күй және туған халқымыздың мерейіндей телегей-теңіз қуаныш, баянды бақыт, еңбектеріңізге жеміс және отбасыларыңызға амандық тілейміз.

Ж. ЖОЛДЫХАНОВ,
Талдықорған қалалық білім бөлімінің басшысы;
М. ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
білім және ғылым қызметкерлерінің Талдықорған қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы



Ішкі істер министрлігі Алматы облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің барлық нәзік жандарын Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын! Отбасыларына амандық, дендеріне саулық, жұмыстарына табыс тілеймін.

ҚҰТТЫҚТАУШЫ:
Алина ДУБЕКОВА,
ЕС 164/4 мекемесі арнайы есеп тобының инспекторы



Айналасын ізгілік пен мейірім шуағына бөлеген қымбатты әріптес нәзік жандар! Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Сіздерге ел ертеңі үшін атқарып жатқан игі істеріңізге береке, жарқын көңіл-күй, қажымас қайрат, мол бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік тілеймін!

Гауһар ҚОСЫМҚҰЛОВА,
Айнабұлақ ауылдық кітапханасының қызметкері
Көксу ауданы

ЖАНСАРАЙ



«Осы жұмыс істеп жүргеніңе жылдан асты. Мен туралы мақала қашан жазасың? Қанша ғұмырым қалды дейсің?.. Әлде әжеңді Құдайға бермейін деп пе едің, сен бала?!». Бұл апамның ауылға барған сайын айтатын әзілі. «Жетісу» газетін басына жастап оқитын ғасыр жасаған қарияның бар ермегі немересінің жазған мақалалары. Оқыған сайын марқайып қалады. «Ой, әже, қайда асығасыз?Әлі шөбереңізді бағуыңыз керек» деп көңілін көтеріп, алдап қоямын. Балаша мәз болып, маңдайымнан иіскейді. Міне, бүгін апамның бір арманын ақиқатқа айналдырар сәт туғандай. Көктемнің алғашқы мерекесіндегі өзіңе арнаған ең үлкен сыйлығым болғалы тұр.

МЕНІҢ ӘЖЕМ

Бұл бір ұзақ әңгіме. Көңіл күбісінде піскен балалық шақтың тәтті саумалы секілді дәмі тіл үйіреді. Сыр сандығында сақталған есті естеліктердің жаңғырығындай көркем. Бал татыған балдәурен сәттің боямасыз бейнесіндей ыстық. Содан ба екен, әр басқан қадамыма сәуле төгіп, қиялыма қанат байлайды. Менің титтей жеңісіме таудай баспалдақ болуымен де асқақ. Неге дейсіз ғой?! Себебі, себебі ол – менің әжем туралы. Мына өмірдегі ең асыл қасиеттерді бойыма дарытқан абзал жан. Әжіміне ай жасырынған, жанары мейірімділіктің тұнбасындай мөлдір. Сондықтан ол кісіні ерекше жақсы көремін.

Жұмыстан қолым қалт босаса еш ойланбастан бірден ауылға тартамын. Сағыныштың сар самалы желіп ала жөнеледі. Аңсарына айналған ақшуақ күндер алыстан қол бұлғап шақырып тұрғандай күйге бөленемін. Көлік ішінде әртүрлі ойдың иіріміне түсіп, кеудемде қарапайымдылық пен ізгілік гүлі бүр жарады. Бара сала алдымен әжеммен амандасамын. Әйтпесе өкпелеп қалатын әдеті бар. Алда-жалда әкеме не анама бірінші сәлемдесем, «өз туғандарына қарай жүгіруін қарашы» деп балаша бұртиып, көңілі түсіп қалады. Бетімнен кезек-кезек сүйіп, сандықтың бұрышына тыққан тас кәмпиттерді береді. Сосын бұзылып кеткен жеміс-жидектерді қалтама тоғытады. Онысы үй маңын торыған кішкентай бұзықтардан тыққан түрі. Анам тоңазытқышқа салмаса иістеніп кететінін айтса да, баяғы әдетінше сенімді жерде ұстағанды жөн көреді. Еріксіз күлесің де қоясың. Алмай қойсаң ренжіді келіп. Амалсыз бәрін сөмкеме салып қалаға алып кететінімді ескертемін. Содан кейін барып көңілі жай табады. Екеуміз үстел үстінен самаурындағы қайнаған шай таусылғанша тұрмаймыз. Тот басқан көне әңгімелерін жаңып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді. Қарттық ырқын билеп көзі дұрыс көрмесе де барлық жарықты көңілі мен құлағына жинаған кейуана, ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алады. Келместің кемесіңе ерте мінген шалының кеңшілігін еске алып, көсіле сөйлейді. Сондағы бар айтатыны – атамның бір уыс жомарттығы.

Мен әжемнің қасына төртінші сынып оқығанға дейін жаттым. Немерелерінің ішінде менің беделім биік. Қалғандарының бәрі төсек маңайына үйдегі орындықтарды жалғап үйықтайды. Бізді еліктіретіні ертегісі. Аңыз-әпсаналардан таған тартқанда таң-тамаша боласың. Құдды бәрін біліп туған адамдай ақылы теңіз. Әйтсе де апамның төрт-ақ сыныптық білімі бар. Өзі өмірден үлкен мектеп жоқ деп есептейді. Тәлімді тәрбиемен ошақ басында ауызданған бала тағдырынан таяқ жей жүре сабақ алуы тиіс. Сонда дүниенің қадірін біледі. Бізге ата-анамызды құрметтеуді, алдынан кесе өтпеуімізді үйретеді. Бұл күндегі айтатын мәйекті мәтелі. Ұйықтар алдында тіліміздің көлимаға келтіріп, патшадан бастап қараша халықтың денсаулығы жақсы болуын Тәңірден сұратады. Алыстағы ағайынның бәрінің аты-жөнін атап тұрып Құдайдың назарында болуын тілетеді. Соның бәрін айтып барып тәтті ұйқының шырмауына түсеміз. Сөйтсек онысы бір-бірімізге деген бауырмалдықты арттырудың айласы екен ғой. Кейін бұл шарғы бойымызға сіңіп кетті.

Әжем өте еңбекқор адам. Аузында Алласы, күндіз-түні бір тыңбайды. Кенже ұлының үлкені болған соң ба, әйтеуір мен дегенде шығарда жаны бөлек. Алты айлығымда емшектен шығарып алып, өзі бағыпты. Анамның айтуынша арқасына мінгізіп, сиыр сауады екен. Оның үстіне ауыл сыртынан тезек теріп қайтатын көрінеді. Мұрыны бір құрғамайтын жылауыққа шаң жуытпапты. Мойнына мені қондырып, қалтасына құрт толтырып көрші-қолаңды аралап, жаңалық теріп қайтатынын ауыл келіндері әлі де сөз етіп отырады. Сонда бір ретте болса да белінің ауырғанын айтпапты данагөй. Жотасына бүргедей жабысқан мені Құдайдың берген сыйы көрсе керек. Дала мәдениеті мен баба салтын бесікте жатқанымда-ақ көкейіме құйған әжем тәрбиенің бұлағына тілім шықпай жатып шомылдырыпты ғой. Бәлкім содан ба екен, ауылдағы ағайынға бүйрегім бұрып тұрады.

Әліппені әжем мектеп табалдырығын аттамай тұрып жаттатқызып қойды. Есеп амалдарын еркін меңгердім. Енді үздік оқушы болмау, күнә. Оқудан келгенде міндетті түрде бетімнен сүйеді. Қанша бес алып келсем, сонша рет айналып толғанады. Бұл маған үлкен қолдау болды. Әжемнің неғұрлым көп еркелеткенін қалап, күнделігімді беске толтыруға тырысатынмын. Қызық, қазір осының бәрін ойлап отырып ішімнен күліп аламын. Апамның философиясы не деген мықты еді? Қарап отырсаңыз әрбір әрекетінен жақсылықтың иісі аңқып тұрады.

Осыдан екі жыл бұрын туған күніне орай ұялы телефон сатып алып бердім. Қуанғанын көрсеңіз! Қолдана алмаса да қолынан тастамайды. Іні-қарындастарым ойнауға сұраса, бұзасындар деп тыйып тастайды. Мен хабарласқанда жасыл батырманы басатынын көрсеткенмін. Соны ұмытқан емес. Қасында тұрмаса шырылын естімей қалатындай ешкімге бермейді тегі. «Өзімнің балам әкеп берген» деп бағасын асырады марқайып. Ғажабы да сол ғой. Кейінгі кезде үйдің еркетотайлары білдірмей құрыққа түсіріп, тығылып ойын ойнайтынды шығарыпты. Оны сезіп қойған әжем енді кірпіш телефонын байпағына тығып ұстап жүр. Анда-санда өзі хабарласып қояды. Менің дауысымды бір күн естімей қалса, жаны жадырамайды. Бар лебізі аман-есен жүргенім. Сосын шамаң келгенше садақаны молырақ беруімді ескертеді. Пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайтын құралдың ең ғазизі сол екенін айтудан жалыққан емес. Бүгінде уақытты байпағына жасырған телефонынан бағдарлап отыратынды шығарыпты. Апам да заманның ығына жығылайын деген-ау, сірә!


Хош. Әжем жайлы әңгіме таусылмайтын қазына секілді. Айтқан сайын жүрегіңе жылылық ұялайды. Сөзі де, сүйегі де асыл кісілер ғой. Қарттық келіп жанына түстенсе де көңілі әлі көктемдей. Құдайдан күдерін үзбейді. Бар арманы – бала-шағасының бақыты. Ұрпағының тілеуін тілеп отырады дәйім. Айтпақшы, апам менің үйленгенімді күтіп жүр. «Отау құрсаң сенің қолыңа барып тұрамын», – дейді әкемді алдап. Иә, бұйырса, ол күннің де ауылы алыс емес.

– Әже, шаңырақтың ұйытқысы болып ортамызда отыра беріңізші!? Сіз барда біздің де көңіліміз жай...

Немересі Мұхтар КҮМІСБЕК

ПЕРЗЕНТ ҮНІ

АПАМ - АҚЫЛШЫМ



Апа деген ең мейірімді, жанашыр адам. Ол барлық немересін ойлап жүреді. Біздің апамыз да бәріне қамқор.

Мен демалыс күндері апамның үйінде боламын. Бүгін де апамның үйіне қонаққа келдім. Қонақ күтуге дайындалып жатырмыз. Апам ас бөлмеде жүр. Үйдің ішінен дәмді тамақтың иісі шығып тұр. Біздің үйге Мұрат ата мен Гауһар апа келеді. Бәріміз жиналып Рахым атама Құран оқимыз. Атам біздің ортамызда болмаса да бізді көріп тұрады. Апам: «Сендер жақсы жігіт болуға міндеттісіңдер. Ақылды, білімді болсаңдар аталарың да қуанады», – деп айтады. Інім екеуміз атамызды, апамызды қуанту үшін жақсы адам болуға тырысып жүрміз.

Апам қазақша өте жақсы сөйлейді. Білмейтін көп сөзді сол кісіден үйренемін. Біз оны жақсы көреміз. Ол да бізді жақсы көретінін үнемі айтып отырады. Ол үйде атам мен апамның бірге түскен суреті бар. Ол сурет маған өте қатты ұнайды.

Маған ата-анам: «Мықты жігіт болу үшін жақсы тамақ ішу керек», – дейді. Сол үшін апам жасаған дәмді тамақтың бәрін тауысып қоямын. Өскенде мен апама қамқор боламын. Менің апам ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ.

Әділет РАХЫМ,
Талдықорған қаласындағы №5 мектептің оқушысы

Jetisý

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-20-30, бөлімдер — 40-00-98, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген, және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі,32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 373
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 44 177, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы – 27 199. Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ



ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

«Халық жауы» деген жаламен 43 жасында қыршын кеткен Ілияс Жансүгіров қазақтың маңдайына біткен біртуар тұлғалардың бірі де, бірегейі де еді. Күрмеуге келместей қысқа ғана ғұмырында ол классикаға айналған небір ғажап туындыларды жазып үлгерді, туған халқының салт-санасын, өмір үрдісін әдебиеттің түрлі жанрларына арқау етіп, мол рухани мұра қалдырды. Содан да оны саралап, салмақтау, таразылау барысында бүгінгі әдебиетшілер атқарар іс-шаралар қомақты-ақ. Дегенде, Ілияс шығармашылығына қатысты зерттеулер қай бағытта өрбуде? Қандай тың көзқарастар, тосын ойлар бар? Біз осы орайда ілиястанушы Қажет Андаспен сұхбаттасқан едік.

Қажет АНДАС, ілиястанушы:

Ілиястың тағдыры **ҚҰЛАГЕРДІҢ** емес, **ШАЛҚҰЙРЫҚТЫҢ** тағдырымен пара-пар

Ілияс қолданған 42 бүркеншік есімді анықтадық

– Ілияс бабамыздың рухани мұрасына ден қойып, осы бағытта үздіксіз ізденіп келесіз. Ілиястануға бет бұруыңызға не түрткі болды?

– Ілияс Жансүгіров шығармашылығы туралы ең алғаш осыдан 35 жыл бұрын білдім. Ол кезде Қытайда 3-сыныпта оқитын, он жастағы бала едім. Әкем үш ағайынды болды да, үлкені малмен, екіншісі дала жұмысымен айналысатын. Әкем ол тұста аудандық мектепте мұғалім болып істейтін. Оқу маусымында үш үйдің баласы біздікінде болатын да, каникулдың алғашқы айын жайлаудағы Дәулетхан әкеміздің үйінде қозы-лақ бағып, жылқы қайырып, кең далада қамқайғысыз күндерді өткізетінбіз. Ал сарша тамызда ауылдағы Маңсүгір әкеміздің үйіне келіп, егін орағы, шөп шабу дейтін жиын-терін жұмысына көмектесеміз. Сол жылы жазғы демалысқа шығып, жайлауға аттанар күні әкем бізге қолмен көшірілген қомақты қолжазбаны беріп жатып: «Бос уақыттарыңда осыны оқып шығыңдар. Таудан түскенде не туралы жазылғанын сұраймын», – деп тапсырды. Бұл Ілияс ақынның «Құлагер» дастанының көшірмесі еді. Расында, жайлауда бос уақыт көп бола бермейді. Қолжазбаны оқуға тек түнде, үлкендер ұйқыға кеткенде қолымыз тиеді, сығырайған майшамның жарығымен кезек-кезек қолжазбаны оқимыз. Қызығына түсіп кетіп, таңның қалай атқанын да білмей қалушы едік. Ілиясты ең алғаш тануым, міне, осы кезден басталды.

Кейін 1997 жылы Цинзияң педуниверситетін бітірген жылы «Ілияс шығармаларының қазақ мектептеріндегі оқытылу жағдайы» деген дипломдық жұмысымды жаздым. Ілиястанумен табандап айналысқаным атажұртқа оралған соң басталды. Ілиястың мәлім де беймәлім өміріне бойлау, елге жетпеген публицистикалық еңбектерін жинақтау мен зерделеу жұмысымен 2012 жылдан бері айналысып келемін. Осы барыста Ілиястанудың әлі талай ашылмаған қыры, біз шықпаған биігі, ойымыз жетпеген тереңдігі көп екенін сезіне түстім.

– Осы салада қандай ізденістерге бардыңыз, қандай тың деректер таптыңыз?

– Ілияс мұраларын іздестіру барысындағы барлық жұмысым филология ғылымының докторы, академик Түрсын Сыдықов ағайдың жол нұсқауымен болды. Ең алғашқы қадамды Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейінен бастадым. Музей қорындағы дүниелерді ақтарып отырып «Тілші», «Сарыарқа», «Қызыл Қазақстан» газеттері мен «Абай», «Әдебиет майданы» журналдарында шыққан біраз дүниені көзім шалды және Ілиястың бүгінге дейін жарық көрген топтамаларына олардың еңбегенін аңғардым. Сосын, Ілиястың төте жазумен шыққан газет-журналдардағы дүниесін жинақтау керектігін Түрсын ағайға айтып едім, бірден келісті де, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының сирек қорлар мен қолжазбалар бөліміне кіруге рұқсат әперді.

Ілияс мұраларын жинақтау үшін екі нәрсені анықтап алуға тура келді. Бірінші – Ілияс өз тұсында қандай газет пен журналға шығармаларын ұсынды? Екінші – Ілиястың бүркеншік есімдері. Бұл екі мәселе туралы Түрсын ағаймен, сондай-ақ басқа да ілиястанушы ага-әпкелерімізбен ақылдаса отырып, 1913-29 жылдар аралығында Ілияс Жансүгіров қолданған 42 бүркеншік есімді тұрақтандырдық. Іздеу жұмысы осы бағыт бойынша жүргізілді. Сондай қажырлы еңбектің нәтижесінде Ілиястың оқырман қолына әлі жете қоймаған, 1913-29 жылдар аралығындағы қазақ журналистикасының қалыптасуына, дамуына, өркендеуіне жол ашқан 117 публицистикалық еңбегі жинақталды.

– Осы зерттеулеріңіздің негізінде сіз «Ілиясты ең әуелі журналист ретінде қарастыру керек» деген пікірді ұстанасыз. Бірақ бұл жан-жақты талант иесінің қаламгерлік қабілетін төмендету емес пе?

– Ілияс – тек қаламгер ғана емес, сан қырлы адам. Оның жазбаған тақырыбы жоқ. Ақындығы әлдеқашан дәлелденіп үлгерді. Оған ешкім көлеңке түсіре алмайды. Бірақ Ілиястың қоғамдық қызметтегі салмағы мен журналистік тұлғасын салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ол ақындығынан әлдеқайда биік тұрады. Мен Ілиясты журналист ретінде қарастыру оның азаматтық өмірдегі рөлін биіктете түседі деген ұстанымдағы адаммын.

Қазақ журналистикасының қоғамды танып-білу жолы, ұғым-түсініктері, теориясы, әдіснамасы бірден пайда бола қойған жоқ, қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді және бүгінгідей биікке жетуі оның қайнар көзі, көусар бұлағы болып Ілиястай ірі тұлғаның тұрғандығы дер едім. Бұл – Ілиястың баспасөз беттерінде жарық көрген еңбектерін саралап, даралап зерттеу барысында көз жеткізген тұжырымым.

Біріншіден, ол қазақ баспасөзінде ерекше орны бар «Қазақ», «Ақ жол», бүгінгі «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жетісу» сияқты өміршең газеттер мен кешегі «Әйел теңдігі», «Әдебиет майданы», «Жаңа әдебиет», «Жаршы» сияқты журналдарда белсенді еңбек етті. Ягни оның публицистикалық еңбектері газет-журналда тілші болып жүргенде жазылды. «1920 жылы жаздай ел ішінен комиссияға әдебиет жинау қызметінде болып, күзде комиссиямен бірге Төшкенге келдім. Төшкенде алғаш қазақ институты ұйымдастырылған жыл екен. Оның жанындағы екі жылдық оқытушылар дайындайтын курсқа түстім. ...Аз күннен кейін оқи жүріп, «Ақ жол» газетіне корректор болып кірдім. Мұратбайұлы Ғанидың ұйымдастыруымен «Жас алаш» газетін шығардық. «Жалпы жас» деген өлеңім сол газеттің бірінші санында басылды. Газеттің бас мақаласын да мен жазғанмын», – деп жазады Ілияс өз өмірбаянында. Екіншіден, өткен ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ баспасөзі тілінің қалыптасуы үшін жанын сала күрескеннің бірі – Ілияс. Оның «Абай кітабы», «Баспасөзді қалай көтермелеу керек?», «Пән атамалары», «Мәскеу баспасындағы қазақша кітаптар», «Емле жайлы», тағы басқа да еңбектерінде қазақ баспасөзінің қадірін арттырудың толғақты мәселелері көрсетілсе, өзі қазақ журналистерінің алғашқы легін қалыптастыруға жанын сала еңбек етті. Бұл – әлі қаузалмаған тақырып. Үшіншіден, қазақ журналистикасы тарихында «Кереге» газеті жайлы көзқарас» атты дипломдық жұмысты Мәскеуде қорғаған тұңғыш көсіби журналист Ілияс екенін біреу білсе, біреу білмейді. Ал қазақ баспасөзіне қажетті терімші, корректор, әріп тізуші мамандарды алғашқылардың бірі болып Қазақ институтын басқарып тұрғанда арнайы курс ашып, тәрбиелеген де Ілияс ағамыз. Өкінішке қарай, қазірге дейін Ілиястың қамқорлығын көрген, баспасөз саласында ұстаз тұтқан шәкірттері туралы зерттеген адам жоқ. Төртіншіден, Ілиястың қазақ журналистикасына очерк, фельетон, ақ өлең, шолу, ақпараттық сын жанрын енгізген талантты журналист екенін де ешкім теріске алмайды. Бұл айтылғандарды нақты мысал, бұлтартпас дәлелмен айна-қатесіз анықтап бере аламын.

Ілиястың поэзиядағы ұстанымы Шәкәрім стиліне жақын

– Сіз Ілиясты «қазақ жырының Құлагері» деп бағалаудың өзі қызыл сақаттың жемісі дейсіз. Не себепті?

– Ілиясты тек «қазақ жырының Құлагері» деп қана тану оның азаматтық келбетіне тұтастай баға беруге жеткіліксіз. Сонымен қатар ақынға мұндай баға берілуінің өзіндік себебі де болды. Өкінішке қарай, Ілиястың тұтқындалу себебі мен ақталу барысы осы күнге дейін басы ашылмай, толық зерттелмей келеді. Өткен жылы Алматы облыстық ішкі істер басқармасының архивінен Ілияс Жансүгіровтің төлқұжаты мен абақтыда түсірілген суреті табылды. Архивтерде біз көрмеген талай жазбалар мен айыптаулардың жатқаны осыдан-ақ белгілі.

Ілиясты ақтау моральдық тұрғыдан да оңай болған жоқ. Бұл іске сол тұстағы қазақ зиялылары толығымен атсалысты. «Халық жауы» деген жаманаттан арашалап алу үшін Ілиясты Батыраштардан қорлық көрген Құлагерге балап, оны еңбекші елдің адал перзенті тұрғысынан көрсетуге тырысты. Бұл талпыныс Ілиясты ақын ретінде ақтап алуда нәтиже берді. Мұны ағаларымыз ашық айтпаса да, Ілияс шығармашылығы туралы зерттеу еңбектерінде бүркемелеп көрсетіп кетті. Мысалы, «Құлагердің (түпкілікті Ақанның) дүлдүлдігі мен Ілиястың дүлдүл ақындығының арасында, Құлагердің (оның ар жағындағы Ақанның) жау қолында мерт болуы мен Ілиястың жау жаласынан мерт болуының арасында қандай да болса (мейлі, кездейсоқ дейік) үндестік бар», – дейді Мұхаметжан Қаратаев. Мұндай дәлелді Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Рахманқұл Бердібаев, Әнуар Әлімжанов, Қалижан Бекхожин, Темірбек Қожекеев, тағы да басқа зерттеуші ғалымдардың еңбегінен кездестіруге болады. Бұл сол тұстағы кеңестік идеологияға сыйымды ұсыныс әрі өз бастарына төнетін қауіп-қатерден де сақтап қалудың таптырмас жолы болды. Осы бір тұжырым Ілиястың ақталуына себеп болғанымен, тағы бір жағынан, азаматтық, күрескерлік, ізгілік жолын зерделеуге кедергі келтірді. Шындығында, Ілиястың тағдыры жау қолынан мерт болған Құлагердің емес, өмірі мен өрлігі сүйікті халқын мәңгілікке бастайтын Шалқұйрықтардың тағдырымен пара-пар деп санау керек.

– «Ілиястың өлеңге құштарлығын оятқан – Абай емес, Шәкәрім» деп айтып жүрсіз. Мұның қандай да бір маңызы бар ма? Мысалы, Шәкәрімнен үйрену, оны ұстаз тұту Ілияс шығармашылығына не берді?

– Ілиястың өлең жазуға құштарлығын оятқан Абай Құнанбаев екенін жоққа шығарып отырған жоқпын. Ол туралы Ілияс жоғарыда айтылған өмірбаянда Абай кітабына қалай кездескенін айта келіп: «...Абай артық әсер етті. Ойым ояна бастады. Қайта-қайта тоймай оқи беретін болдым. Өзім де біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегіме жаңалық сезіндім. Жазуға талабым оянды», – деп жазады. Бірақ Ілиястың поэзиядағы ұстанымы Абайдан гөрі Шәкәрім шығармаларындағы стильге жақын.

Ілияс мұраларын жинастырып жүргенде қолымызға басқа дерек түсті. Бұл Ілияс 1912 жылы «Қылы мектебінде» оқып жүргенде құныға оқыған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасы еді. Сол кітаптың мұқабасына қарындашпен «Мені жырға құмарландырған жыр осы болды» деген жазуды, сосын, астынан «Қызырілияс» деген қолды көрдік те, таңғалдық. Ілияс Абаймен 1916 жылы танысқан, ал одан төрт жыл бұрын Шәкәрімді оқыған. Осы тұста «Ілияс өзі жазған өмірбаянда Шәкәрімнен үлгі алдым деп неге жазбады?» деген сұрақ туатыны белгілі. Алайда Ілияс өмірбаянын 1928 жылы жазды. Ол кез Ахмет бастаған Алаш зиялылары тұтқындалып, Шәкәрімнің артына құтын түскен уақыт еді. Оның бәрін көріп, біліп отырған Ілиястың Шәкәрім есімін қатаң сүзгіден өтетін өмірбаянға қосуы мүмкін емес еді. Ал 1928 жылдан бұрынғы қолжазбаларында Ілияс Шәкәрімнің атын қалдырмаған.

Ілиястың лирик емес, этнограф ақын екендігін мойындауымыз керек. Оның бір ғана «Жетісу суреттері» өлеңінде 150-ге жуық шөптің аты аталады, «Құлагер» дастаны – қазақ өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің шынайы бейнесі. Беташар, жарапазан, малшылар тойы, ұлттық ойын, сын-сықақ, ертегілер, тағы да басқа жазған, жинаптерген дүниелері – ел мен жердің тарихы мен болмысына төн дүниелер. Шәкәрім өлеңдерінің сүйегі де этнографиялық, салт-дәстүрлік, ғұрып-әдеттік, діндік ұстаным негізінде құрылған. Бұл жағынан да Шәкәрім мен Ілияс өлеңдері сабақтасып жатады. Өкінішті сі, осы тақырып зерттеушілер назарына ілінбей-ақ қойды.



Азаматтық келбетін ашатын үлкен зерттеулер әлі басталмай тұр

– Бір сұхбатыңызда Ілиястың Абай мұрасын жинауға, зерттеуге атсалысқанын және осы міндетті Мұхтарға жүктеу арқылы «Абай жолы» эпопеясының жазылуына ықпалы болғанын айтқан едіңіз. Бұл пікіріңіз қаншалықты негізді?

– Ілияс пен Мұхтар шығармашылығының байланысты тұстары өте көп. Мысалы, «Қилы заман» повесі Ілияс Жансүгіровтің 1920 жылы ел әдебиетін жинайтын экспедицияның құрамында жүргенде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жинақтаған естеліктері негізінде жазылғаны, тіпті Ілиястың Мұхтарды ертіп, көтеріліс болған өңірлерді аралатып, елмен жүздестіріп, шығармашылығына рухани негіз қалап бергені анық.

Ал қазақ журналистері арасында Абай шығармашылығы туралы ең бірінші рет сараптамалық материал жазған Ілияс Жансүгіров болатын. Оның «Абай кітабы» деген тақырыппен жазған мақаласы «Тілші» газетінің 1923 жылғы 8 мамыр күні шыққан 37-нөмірде жарияланған. Онда Ілияс Халел Досмұхамедовтің құрастыруымен Төшкенде үш рет басылып шыққан Абай өлеңдеріндегі бұрмалаушылықты, баспадағы қателікті айта келіп, Абай мұрасын жинастыру туралы пікірін білдіреді. Онда: «Абайдың басылмаған, шашау жүрген сөздерін жиып, оларға сын беріп, түртпелеп, өмірін толық жинақтап, жемісті қылып шығаруға тырысу керек. Бұл туралы газеттерге хабар жазып, жалпы халықты хабарландыру керек. Абайды жете білетін Шөкөрім, Мұхтар, Магжан, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек», – делінген. Ілияс 1920 жылдан бастап Абай мұрасын жинақтауға кіріскен. Тіпті 1933 жылы Абайдың толық жинағы Ілиястың тікелей араласуымен жарық көрді. Сол жинақтың алғы сөзін жазумен қатар, Абай шығармашылығы туралы 68 беттен тұратын ғылыми еңбек жазды. Онда Абай туралы ұзақ жылғы талас-тартысқа баға берді, ақынның тәрбие алған, өскен ортасын, өмірге көзқарасын анықтады, ақындық ерекшелігін атап көрсетті. 1935 жылы 27 шілдеде өткен Қазақстан жазушылар одағы президиумы мәжілісінде Ілияс пен Мұхтар тағы да Абай шығармаларына жаңаша бағытта зерделеу туралы мәселе көтереді. Жиналыстың хаттамасының бір тармағына: «Ескі әдебиеттен алып берілген өлеңдерге, өңгімелерге Мұхтар, Ілияс ескерту жазып берсін», – деген қаулы бекітілген. Ілияс 1923 жылы Абайды зерттеуге лайықты деп атаған адамдардың арасында тек Мұхтар ғана кеңестік биліктің құрбандығынан аман қалды. Тағы бір жағынан, «Абай» және «Абай жолы» романын жазу міндеті сол тұстағы мүйізі қарағайдай қаламгерлердің арасынан Мұхтардың еншісіне тиюіне де Ілиястың беделі көмектеспеді деп айта алмаймыз. Тіпті эпопеяның әлем мойындаған деңгейде жазылып шығуына Ілиястың ғылыми, өріптестік, достық тұрғыдан көп қолдау танытқаны анық.

– Сіздіңше, бүгінгі таңда Ілиястану саласында ескерілмей жатқан қандай жайттар бар?

– 1928 жылы Мәскеуде жазған өмірбаянында: «Әлеумет қызметіне 1921 жылдан араластым. Мұғалімдік оқу инспекторы, ауылдық губерниялық отком мүшелігі, съезд, конференцияларға өкілдік, «Қосшы» ұйымында оқу-бөлім жөнінен нұсқаушы, газет тілшісі, газет басқармасының хатшысы, әдеби қызметкер, шығарушы, губерниялық атқару бөлімінің басқарушысы сияқтылар – менің соңғы оқуға кіргенше атқарған қызметім», – деп жазады. Соңғы оқу дегені – 1925 жылы Мәскеудегі журналистика институтына түсіп, 1928 жылы бітірген жылдарды айтып отыр. Ал 1928 жылдан кейін «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жұмысы, қазақ ауылдарындағы бастауыш мектептердің ашылуындағы бастамашылдығы, Қазақ институтының Алматыда ашылуына сіңірген еңбегі және ондағы қызметтері, қазақ театрын құрудағы белсенділігі, Қазақстан жазушылар одағын ұйымдастырушы, тағы да басқа атқарған қызметтері туралы әлі күнге дейін түсініктi зерттеу жоқ. Сондай-ақ 1920 жылы ел мұраларын жинақтауға қатысты экспедиция құжаттарының толық аудармасы жасалмады. 1929-38 жылдар аралығындағы кирилше, латынша жарық көрген мақалалары әлі жинақталмады. Алматы, Қызылорда, Орынбор, Ташкент, Омбы, Мәскеу қалаларының архивінде жатқан Ілиясқа тән мұрағаттарға ат ізі түспеді. Алматыда өткен пролетариат оқытушыларының бірінші съезінде, 1928 жылы Қызылорда қаласында қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруге байланысты өткен ғылыми мәжілісте, Қазақстан жазушылар одағының жиналыстарында сөйлеген сөздері, баяндамалары оқырман қолына тиген жоқ. Қазақ институтын басқарған, Қазақстан жазушылар одағын басқарған тұстағы сіңірген еңбегіне толық баға берілмеді. Тіпті Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов және Фатима апамыздың арасындағы отбасылық қарым-қатынас, Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлиннің арасынан қыл өтпейтін достығын зерделеудің де тарихи маңызы зор. Қысқасы, Ілиястың журналист ретіндегі азаматтық келбетін ашатын үлкен зерттеулер әлі басталмай тұр.

Ілияс – сан қырлы талант. Қысқа ғана өмірінде осыншама ұлан-ғайыр дүниені жазып үлгергеніне, қазақ ұлтының болашағына қатысты ірі-ірі қоғамдық, саяси, идеологиялық жұмыстарға белсене атсалысуға қалай уақыт тапқанына таңғаламын. Есесіне іскерлігіне, табандылығына, ізденімпаздығына құрметім арта түседі.

– Өңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Депутат кәсіпкерлермен кездесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы жылдар аясында ауданда ауылшаруашылығын дамыту ісі бұрынғыдан да қарқын ала бастады. Соның бірқатар мысалдарын Саймасай ауылдық округінен де көруге болады. Халық қалаулысы ең алдымен жыл он екі ай тоқтаусыз өнім беру мүмкіндігіне ие болған «Абитов» жылыжай шаруашылығына ат басын бұрды.

Мұнда қызанақ пен қиярдың бірнеше түрі өсіріледі. Уақыт өткен сайын тапсырыс берушілердің саны арта түсуде. Алматы қаласын көкөніспен қамтамасыз етуге өзіндік үлесін қосып отыр. Сол сияқты аталған шаруа қожалығы сүт өнімдерін өндіру ісін де қолға алыпты.

Бұдан кейін Серік Әбікенұлы «Assorti Rancho» деп аталатын шағын демалыс аймағын аралады. Демалыс орны Саймасай ауылының дәл іргесінде, айдын көлдің жағасында орналасқан. Мұнда тыныққуға келгендерге барынша жағдай жасалған.

– Басты мақсатымыз қонақтарға сапалы қызмет көрсету. Ет-сүт, көкөніс, барлығы да өзіміздің фермалар мен алқаптарда өсіріледі. Биыл 20 гектар жерге таңқурай көшеттерін отырғыздық. Біз демалушыларды экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз ете береміз, – деді «Assorti Rancho» демалыс орнының



Суретті түсірген Ақжеке КӘЖЕКЕ

басшысы Топжар Жамалбеков.

Саймасай ауылдық округіндегі «Айдарбаев» шаруа қожалығы да еңбегімен өрлегендердің қатарында. Аталған ұжым жыл өткен сайын қанатын кеңге жаюда. Еңбек пен ізденістерді тығыз ұштастырудың арқасында толымды табыстарға қол жеткізіп келеді. Өнім өндірудің де көлемі артып, сапасы жақсара түсті. Ең алдымен айтарымыз, «Айдарбаев» шаруа қожалығы көптеген ауыл адамдарын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Шаруашылық екі бағытқа негізделген. Олар сүт өндіру мен бақша алқаптарын көбейтуді мақсат етіп отыр.

Иссапарын қорытындылаған Мәжіліс депутаты Серік Үмбетов: «Өздеріңіз көріп отырсыздар, аудан өңірі тұмса табиғатқа тұнып тұр. Осының бәрін ел игілігіне жарату басты міндетіміз. Кәсіпкерлер мұны жақсы түсіне бастаған. Оның нақты мысалдарын иссапар кезінде көзбен көріп, көңілге түйдік. Шағын және орта бизнестің дамуы экономикамызды өрге сүйрейтін үлкен күш. Отандық туризмнің алға басуына да мемлекет барынша қолдау көрсетіп отыр.

Қабылданып жатқан заңдардың бәрі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға негізделген. Елімізде 31 мыңдай көпбалалы ана үй кезегінде тұр. Міне, осы мәселені ойдағыдай шешу үшін мемлекет қазынасынан 370 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінбекші. 2024 жылға дейін кезекте тұрған көпбалалы отбасылардың барлығы да баспанамен қамтамасыз етіледі деп жоспарланып отыр», – деді.

Халық қалаулысы көзбен көріп, көңілге түйген жайлар алда қабылданатын жаңа заңдардың мазмұнын байытуға септігін тигізеді деп ойлаймыз. Аудан әкімі Бинәлі Ысқақ сайлаушылар атынан депутатқа ризашылығын білдіріп, табыстар тіледі.

Болат БАТЫҚҰЛЫ
Еңбекшіқазақ ауданы

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Жоба

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 наурыздағы «Алматы облысының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» №113 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 26-2) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 наурыздағы «Алматы облысының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» №113 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4604 тіркелген, 2018 жылғы 5 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына (қызмет бабында пайдалану үшін) сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

1. «Алматы облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ

КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы С. ҚҰРМАНӘЛИЕВ

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы М. ҰРҰМХАНОВ

САЙЛАУАЛДЫ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалында ҚР Президентіне кандидаттың облыстық сайлауалды штабының құрылуына арналған жиын өтті. Шараға облыстық сайлауалды штаб мүшелері, XIX съезд делегаттары қатысты. Қоғамдық штаб өз жұмысын 11 мамырда ресми түрде бастайды.

ҚР Президентіне кандидаттың сайлауалды кампаниясын және аймақтық, аумақтық сайлауалды штабтары жұмыстарын ұйымдастыру, үйлестіру және бақылауды мақсат еткен штабтың басшысы болып «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскәр Сарыбаев тағайындалды.

– Облыс бойынша 334 сайлау округі, 1040 сайлау учаскелері жұмыс істейді. 20 аудандық, қалалық, 1 облыстық штабта 396 адам бар, оның 114-і жастар тобында, – деген Ғалиаскәр Сарыбаев штабтың негізгі қызметімен таныстырды.

Басқосуда штаб мүшелерінің жұмыс жоспары, алдағы маңызды кезеңде атқарылатын қызметтің басты бағыттары сараланды. 23 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезі өтіп, онда алдағы сайлаудың маңыздылығы айтылған еді. Айта кетейік, бұдан бұрын өткен Президент сайлауына Алматы облысы бойынша сайлаушылардың 98 пайызы қатысты.

М. ДАНИЯРҰЛЫ

ӘДЕП КЕҢЕСІ

ТӘРТІПТІК ЖАЗА БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтіп, өз жұмысына немқұрайдылық танытқан мемлекеттік қызметкерлердің мәселесі қаралды. Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаментінің басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы Серікбай НҰРҒИСАЕВ алдымен өткен кеңестердің нәтижесін тыңдауды ұсынды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Талдықорған қалалық прокуратурасының ұсынысы бойынша алғашқы кезекте қалалық тұрғын үй және коммуналдық-шаруашылық бөлімінің басшысы Нұрлан Қыстаубаев пен коммуналдық шаруашылық секторының меңгерушісі Мейір Нұрғалиевке қатысты тәртіптік іс қаралды. Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының бас маманы Еркінбек Абиров таныстырған істе қалалық тұрғын үй және коммуналдық-шаруашылық бөлімінің басшысы Нұрлан Қыстаубаев пен коммуналдық шаруашылық секторының меңгерушісі Мейір Нұрғалиевтің мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мемлекеттік сатып алу шарасын дұрыс өткізбегені, соған орай уақытында жасалған ескертуден соң тендердің тоқтатылғаны айтылды. Осыған орай Әдеп кеңесінің мүшелері қос қызметкерге «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынысын бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Кеңесте Іле ауданының Әдеп жөніндегі уәкілінің қызмет нәтижесі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы бойынша жұмысының қорытындылары және биылғы 1-тоқсандағы мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялары қызметінің қорытындылары, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы әкімшілік тәжірибенің нәтижелері тыңдалды.

«EGEMEN QAZAQSTAN» – 100



ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ЖЫЛНАМА

«Egemen Qazaqstan» газетінің 100 жылдық мерейтойына орай жарияланған «Тіл тарихы: жүзжылдық жылнама» атты публицистикалық шығармалар байқауы өз мәресіне жетті.

Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткен байқаудың басты мақсаты – ғасырлық тарихы бар «Egemen Qazaqstan» басылымының өткені мен бүгініне көз жүгіртіп, мемлекеттік тілді насихаттауға қосқан үлесін бағалау. Байқауға қатысушыларға қойылған басты талаптардың бірі – аталған басылымның қазақ тілінің дамуы мен ұлттық тіл қорының жасақталуына қосқан өлшеусіз үлесін шығармаға арқау ету.

Байқауға төрелік еткен «Өлке тынысы» ЖШС директорының орынбасары, журналист Болат Абаған, облыс әкімі баспасөз қызметінің бас инспекторы, белгілі ақын Сағыныш Намазшамова және «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі, ақын Қалмахамбет Мұқаметқали бір ай көлемінде жіберілген мақалаларды іріктеп, жеңімпаздарды марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша, шығармасы ең үздік деп таңдалған «Жетісу» газетінің Еңбекшіқазақ ауданындағы меншікті тілшісі Болат Мәжит І дәрежелі диплом мен 100 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. ІІ дәрежелі диплом мен 75 мың теңге сертификатын ҚазҰУ-дің студенті Дастан Қастай иеленді. Ал ІІІ дәрежелі диплом мен 50 мың теңгені «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас алды.

Қазылар алқасының шешімімен өзге қатысушылар да елеусіз қалмады. Аймақ пен өңірдегі газет журналистері Мұхтар Күмісбек («Жетісу» газетінің тілшісі) пен Асхат Өмірбаевқа («Қаратал» газетінің бас редакторы) ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Жеңімпаздарды қазақ баспасөзіне еңбегі сіңген ардагер қаламгерлер марапаттап, жүлдегерлерге құтты болсын айтты.

Айсұлу ЧЕЛЕКЕН

Ой-өрім

*** Ынтымақсыз елді – ұрысы билейді, Ынтымақты елді – дұрысы билейді.**

Маңызды міндет

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда, салынған үйлерді заңдастыру, пәтерлерді «7 –20 – 25» бағдарламасы бойынша жобаға қатысушыларға беру барысында жекелеген кедергілер кездесуде. Жеңіс Шылбынұлы құрылысты қаржыландыру, тұрғындарды несиемен қамтамасыз ету мәселесі бойынша банктердің ұстанымы жайында сөз қозғап, ортақ істі бірлесіп шешуге шақырды. Жасыратыны жоқ, елімізде әр үш тұрғынның екеуі бір кездері несие алғаны анық. Олардың арасында несиесін уақытылы төлей алмай, «несие тарихы» деп аталатын көрсеткіш бойынша «қара тізімге» енгізіліп қойылғандары бар. Демек, қазіргі кезеңде қаржылық жағдайы жақсы болғанына қарамастан мұндай адамдар бағдарлама бойынша баспаналы болу құқығынан айырылады. Бір банктер «несие тарихын» соңғы үш жыл бойынша қарастыратын болса, «Халық банкі» мұны 10 жылға дейін шегеріп қойған. Қаржы мекемелерінің өз қауіпсіздігі мен несие қайтарымын қамтамасыз ету саясатын қолдай отырып, облыс әкімінің орынбасары әр адамға жеке қарау қажеттігін де ескертіп өтті.

Сонымен бірге, бағдарлама бойынша баспана алуға тапсырылған құжаттар түрлі жағдайларға байланысты ұзақ уақыт қаралып, жарамды мерзімін өткізіп алғандар да жиі кездеседі. Сондықтан тұрғындар бүкіл құжатын қайта жинауға мәжбүр болуда. Бұған тағы да көп уақыт пен қосымша қаржы кететіні түсінікті. Осындай үміткерлердің қатары көбейіп келе жатқанына банк қызметкерлерінің назарын аударған Жеңіс Шылбынұлы адамдарды босқа сабылтпай, бұрын өткізілген құжат бойынша шешім қабылдауларын сұрады. Банк қызметкерлері бұл ұсынысқа түсіністікпен қарап, тұрғындардың жағдайы ескерілетінін мәлімдеді.

«7 – 20 – 25» бағдарламасы бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан фирмалар кепілдікке қойылған жерлерде салынған үйлерді заңдастыру мәселесінде кедергілер кездесіп отырғанын айтып, бұл мәселені шешуге облыс әкімдігінің көмегі қажеттігін сұраса, аудан өкілдері әр құрылыс фирмасының бағасы әртүрлі екенін тілге тиек етіп, қымбат пәтерлер бағдарламаның орындалуына қолбайлау болып отырғанын жеткізді. Кейбір фирмалардың бағалары Алматы қаласының деңгейіне дейін көтеріліп кеткен. Бұл да алдағы уақытта бірлесіп шешетін маңызды мәселе екені анық. Жиынға арнайы келіп қатысып отырған «Баспана» акционерлік қоғамының департамент директоры Қанат Әбдірайымов пен Алматы облысы бойынша өкілдігінің директоры Досым Оксубаев осы құрылым тарапынан тұрғын үймен қамтамасыз етуге жасалып жатқан жұмыстар жайында түсініктеме берді.

Жиынның соңында Жеңіс Шылбынұлы құрылыс мекемелері мен банк өкілдерін Талдықорған қаласындағы «Атамекен» ғимаратында өткізілетін жылжымайтын мүлік жәрмеңкесіне белсене қатысуға шақырып, ол үшін не істеу қажет екенін егжей-тегжейлі баяндап берді. Бұл шара халықтың бағдарлама бойынша берілетін жеңілдіктермен танысып, қай жерден және қандай жағдайда пәтер алуға болатынын білуге мүмкіндік берері анық.

Алматы қаласы

ТАҒЗЫМ

Лепсі ауылдық ауруханасының ғимаратында 51 жыл бойы бір мекемеде қызмет атқарып, басшылық жасаған айшықты тұлға, Денсаулық сақтау саласының үздігі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Төлеухан Ысқақовқа ескерткіш-тақта орнатылды.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Денсаулық сақтау саласында абыройлы қызмет атқарып, 77-ге қараған жасында дүниеден өткен Төлеухан Ысқақұлы 1940 жылы 28 қаңтарда Қарашиған ауылында дүниеге келген. 1959-1965 жылдар аралығында Алматы мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітіріп, 2015 жылдың желтоқсан айына дейін Лепсі ауруханасын жарты ғасырға жуық басқарды. Бірнеше рет аудандық және үш мәрте облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамоталарымен, мерекелік медальдармен марапатталған.

Соңына жарқын із қалдырған Төлеухан Ысқақұлының ғибратты ғұмырына тағзым еткен әріптестері, ауыл әкімдігі көпшіліктің қатысуымен еске алу жиынын өткізді. Сағынышқа толы жиынның кіріспе сөзін Сарқан аудандық орталық ауруханасының директоры Алтай Шұлғаубаев алды. Ал ескерткіш тақтаны марқұмның зайыбы Фатима Ысқақова мен Сарқан ауданының Құрметті азаматы Сейілхан Базарханов ашты.

Жиында аудандық мәслихаттың депутаты Жанат Құрмашев, марқұмның замандастары Күлдірайхан Бұхарбекова, Сақыпжамал Абызова, әріптес-ізбасарлары Антонина Дольникова, Жұпар Смағұлова, Қазкен Құлшықова сөз алып, ағамыздың жадымыздан мәңгі өшпейтін кісілік келбетін арқау етті.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

РУХАНИЯТ

ЕКІ ТОМДЫҚ ЕСТЕЛІК

Ұрпақ тәрбиесі мен таусылмас қазына саналатын білім беру саласында өзіндік айшықты орнын қалыптастырған Мұхаметбай Мыңбайұлы ел мүддесі үшін бар қажыр-қайратын сарп еткен қоғам қайраткері. Талай жылғы талмай, таңбай атқарған еңбегі жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды, Алакөл ауданының Құрметті азаматы атанды.

Қазіргі таңда өз есімі берілген М. Мыңбайұлы атындағы орта мектеп 55 жылдық тарихын артта қалдырды. Сонымен қатар, ардақты ұстаздың өмір өнегелерінен сыр шертер екі томдық кітабы жарық көріп, З. Қойшыбаева атындағы аудандық Мәдениет үйінде айтулы жиын өтті.

Тағылымды шарада алғашқы болып сөз алған Алакөл ауданының әкімі Әлібек Жақанбаев ұлағатты жанның өмір жолынан сыр шертіп, ұстаздардың ұстазы екенін ерекше атап өтсе, білім бөлімінің басшысы Мәулен Төлеужанов М.Мыңбайұлының ерен еңбегіне тоқталды. Артынша ардақты азаматтың көзін көрген досжарандары, шәкірттері сөз алып, ақын Тезекбай Садиев жырын арнаса, ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысы мен Алакөл ауданының Құрметті азаматы Ахмет Кендірбекұлы ұстазының адамгершілігі мен адалдығын әңгімесіне арқау етті.

Кеш соңында «Өмір мен өнеге», «Тағдыр мен тағылым» атты қос кітаптың тұсаукесері өтіп, текті тұлғаның ұлы Сауат Мыңбаев өзінің жерлестеріне деген жүрекжарды тілегін жеткізді.

Алмат АСХАТҰЛЫ
Алакөл ауданы

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ - 125 ЖЫЛ

ЕЛГЕ ЖЕТПЕГЕН МҰРАЛАР

Жыл сайын Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен көптеген ақын-жазушыларымыздың кітаптары жарық көріп жатыр. Жақында «Жетісу кітапханасы» сериясы бойынша тағы да 41 кітаптың тұсауы кесілді. Осы кітаптардың қатарында бүгінде республикаға танымал, көптеген зерттеу мақалалардың авторы, жас та болса болашағынан үлкен үміт күттірер қаламгер әріптесіміз, өлкетанушы, ілиястанушы - Қажет Андас пен қарындасы Мақпал Андастың Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығына орай шығарылған «Қазақ журналистикасының жампозы» атты тамаша туындысы да бар.



Қос автордың айтуынша Ілияс мұраларын іздестіру оңайға соқпаған. Облысымызға танымал азаматтар, ілиястанушылар қолдап, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының сирек қорлар мен қолжазбалар бөліміндегі еңбектерді іздеп табуда үлкен табандылық танытқан. Ондағы шығармаларды кітапхана тәртібі бойынша қолға берілмейтіндіктен, көшірме нұсқасын жасауға, суретке түсіріп алуға рұқсат етілмегендіктен, толығымен қолмен көшіріп шығуға тура келген. Ақын мұрасына деген перзенттік борыштарын адал атқаруды көздеген ағайынды зерттеушілер ілиястанушылармен ақылдаса отырып, 1913-1929 жылдар аралығында Ілияс Жансүгіруды қолданған 42 бүркеншік есімді тұрақтандырып, Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Мемлекеттік және Алматы облыстық мұрағатында, ақын атындағы әдеби музей қорындағы сақтаулы тұрған төте жазумен жазылған еңбектерді електен өткізіп, оқырмандарға тарту етіп отыр. Екі бөлімнен тұратын кітапта Ілиястың ақындықтан гөрі қазақ баспасөзінің өркендеуі мен өсуіне қосқан мол үлесіне көз жеткізе аламыз. Біз газетіміз арқылы Қажет және Мақпал Андастың жаңа жарыққа шыққан зерттеу мақалаларының біразымен оқырмандарымызды таныстыруды жөн көрдік.



ІЛИЯС – ЕҢ АЛДЫМЕН ЖУРНАЛИСТ

Несін жасырайық, біз әлі де Ілияс туралы кезінде Кеңестік идеология жасап берген шырдан шыға алмай келеміз. Мұрағаттардағы қолға түскен дерек пен дәйектерге сүйене отырып, осы бір тұжырымның Ілиясты ақтап алу үшін Мұхаметжан Қаратаев бастаған ұлт зиялыларының көп еңбектенгенін байқадым. Олар Ілиясты Батыраштардан қорлық көрген Құлагерге теңеп, оны еңбекші елдің адал перзенті тұрғысынан көрсету арқылы ақтап алуға тырысты. Олардың бұл пиғылын сезе қойған Кеңестік биліктің жандайшаптары мен НКВД-нің жендеттері Ілиясты қыршынынан қиылған Құлагер ретінде көрсетіп, «Аяғыңды аңдап баспасаң, сенің де өмірің қыршынынан қиылатын болады», – деп қазақ жастарына ескерту жасаудың таптырмас құралы ете қойды. Осы бір тұжырым Ілиястың ақталуына себеп болғанымен, тағы бір жағынан қазақ баласының аяғын тұсайтын түсінік қалып келеді. Тіпті, әлі күнге саяси өмірімізге қолданып келеміз. Ендеше, бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпақтарына Ілиястың азаматтық, алғабасарлық, ізгілік жолын нұрландыратын өмір жолын насихаттаудың пайдасы мол деп есептеймін.

Ілиясты «Қазақ жырының Құлагері» деп бағалаудың өзі – қызыл саясаттың жемісі. Менің осылай айтуым біраз адамдардың сынына ұшырап жүргені анық. Оны жоққа шығармаймын. Өйткені, Ілияс Жансүгіровты бүгінге дейін қазақ жырының құлагері деп таныдық. Әлем қазақтары, тіпті Ілияс шығармаларының аудармаларын оқып жүрген шетелдіктерде осылай деп қабылдайды. Бұл арқылы Ілиястың поезия тұрғысынан «Қазақ жырының Құлагері» деген мәртебеге ие болғанын жоққа шығармақшы емеспін. Оны ешкімде жоққа шығара алмайды. Қайта жыл өткен сайын бұл бағаның құндылығы айшықталып, биіктеп, жарқырап, айналасына шуақ шаша береді. Ілиястың ақындық, қаламгерлік тазалығына бойлайтындар жыл жылжып, ғасыр ауысқан сайын көбейе беретіні де белгілі. Бірақ, Ілиясты тек «Қазақ жырының құлагері» деп қана тану оның азаматтық келбетіне тұтастай баға беруге жеткіліксіз. Бұлай баға берілудің өзіндік себебі болды.

Өкінерлі, осы күнге дейін Ілиястың тұтқындалу себебі мен ақталу барысы басы ашылмай, толық зерттелмей келеді. Ілиясты Кеңес билігі қанша тез тұтқындап, ату жазасына бұйырғанмен, оның ақталу барысы оңай-оспақ болған жоқ. Қазірге дейін біздің қолымызда Ілиястың тұтқындалуы мен ақталуына қатысты азын-аулақ қана дәлелді құжаттар бар. Қолымызға тимеген дүниелер қанша ма? Өткен жылы Алматы облыстық ішкі істер басқармасының архивінен Ілияс Жансүгіровтың төлқұжат пен абақтыда түсірілген суреті табылды. Ол нақты айғақ ретінде дерек бергенімен, мәселенің мәнін ашуға жеткіліксіз. Осыдан-ақ, архивтерде біз көрмеген талай жазбалар мен айыптаулардың жатқаны белгілі. Бұл материалдық дәлелдер.

Ал маралдық тұрғыдан да Ілиясты ақтау оңай болмағаны белгілі. Бұл іске сол тұстағы қазақ зиялылары толығымен атсалысты. Бірақ кеңестік биліктің ызғары олар тірі кезінде Ілияс Жансүгіровты ақтап алу туралы істеген істерін, қолданған тәсілдерін, амал-айласын бетпе-бет айтып кетуге мүмкіндік бермеді. «Халық жауы» деген жаманаттан арашалап алу үшін Ілиясты Батыраштардан қорлық көрген Құлагерге балап, оны еңбекші елдің адал перзенті тұрғысынан көрсетуге тырысты. Бұл талпыныс Ілиясты ақын ретінде ақтап алда нәтиже берді. Бұны сол ағаларымыз ашық айтпаса да, Ілияс шығармашылығы туралы зерттеу еңбектерінде бүркемелеп көрсетіп кетті. Мысалы, «Құлагердің (түпкілікті Ақанның) дүлдүлділігі мен Ілиястың дүлдүл ақындығының арасында, Құлагердің (оның ар жағындағы Ақанның) жау қолынан мерт болуы мен Ілиястың жау жаласынан мерт болуының арасында қандай да болса (мейлі, кездейсоқ дейік) үндестік бар», – дейді Мұхаметжан Қаратаев. Бұндай дәлелді Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Рақманқұл Бердібаев, Әнуар Әлімжанов, Қалижан Бекхожиын, Темірбек Қожекеев, тағы да басқа зерттеуші ғалымдардың еңбегінен кездестіруге болады. Бұл сол тұстағы кеңестік идеологияға сыйымды ұсыныс әрі өз бастарына төнетін қауіп-қатерден де сақтап қалудың таптырмас жолы болды. Осы бір тұжырым Ілиястың ақталуына себеп болғанымен, тағы бір жағынан азаматтық, алғабасарлық, күрескерлік, ізгілік жолын зерделеуге кедергілік етті. Шындығында, Ілиястың тағдыры жау қолынан мерт болған Құлагер емес, өмірі мен өрлігі сүйікті халқын мәңгілікке бастайтын Шалқуйрықтардың тағдыры деп санау керек.

Ілияс тек қаламгер ғана емес. Ол - сан қырлы адам. Оның жазбаған тақырыбы жоқ. тіршілігінде барлық қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерге белсенді араласқан азамат. Сол қызметтегі Ілиястың орны, ролі, беделі, ықпалы, тағы да басқа азаматтық болмысын баспа сөздердегі публицистикалық еңбектері мен архив материалдарындағы баяндамалар арқылы анықтауға болады. Ілиястың ақындығы әлде қашан дәлелденіп үлгерді. Оған ешкім көлеңке түсіре алмайды. Бірақ Ілиястың қоғамдық қызметтегі салмағы мен журналистік тұлғасын салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ақындығынан әлді қайда биік тұрады. Ілиясты журналист ретінде қарастыру оның азаматтық өмірдегі ролін қалыңдата түседі деген ұстанымдағы адаммын.

Басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақ журналистикасы қалыптасу, даму процесін бастан кешті. Егер қазақ журналистикасының жекелеген элементтері XIX ғасырда көріне бастады десек, XX ғасырда бұл ғылым саласы баспасөздің қиюы мен түлеуіне қатысты туып, қалыптасып, дами бастады. Қазақ журналистикасының қоғамды танып-білу жолы, ұғым-түсініктері, теориясы, әдіснамасы бірден пайда бола қойған жоқ, қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді. Осындай қиын-қыстау жолды басып өтіп, бүгінгідей биікке жетуі оның қайнар көзі, көусар бұлағы болып Ілиястай ірі тұлғаның тұрғандығы дер едім. Бұл - баспасөздерде жарық көрген Ілияс еңбектерін саралап, даралап зерттеу барысында көз жеткізген тұжырымым.

Біріншіден, ол қазақ баспасөзінде ерекше орны бар «Қазақ», «Ақ жол», «Жас Алаш», «Социалды Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жетісу» газеті сияқты өміршең газеттер мен «Еңбек туы», «Әдебиет майданы», «Жаңа әдебиет», «Жаршы» сияқты журналдарда белсенді еңбек етті. Яғни, оның публицистикалық еңбектері газет-журналда тілші болып жүргенде жазылды. «1920 жылы жаздай ел ішінен комиссияға әдебиет жинау қызметінде болып, күзде комиссиямен бірге Ташкенге келдім. Ташкенде алғаш қазақ институты ұйымдастырылған жыл екен. Оның жанындағы 2 жылдық оқытушылар дайындайтын курсқа түстім. Қазақ ана тілін, орысша таңбаны сонда оқыдым. Қалалы жерде, қайнаған оқулы-ордалы жерде өмірімде болғаным сол. Театрды көргенім сол. Кейін өзіміз ойнадық. Жанақ ақын болып, қалезейде өлең оқып, баламен айтыстым. Бірақ жазумен айналысқаным жоқ.

Аз күннен кейін оқи жүріп, «Ақ жол» газетіне корректор болып кірдім. Мұратбайұлы Ғанидың ұйымдастыруымен «Жас Алаш» газетін шығардық. «Жалпы жас» деген өлеңім сол газеттің бірінші санында басылды. Газеттің бас мақаласын да мен жазғанмын», – деп жазады Ілияс өз өмірбаянын.

Демек, Ілияс алғы сөзін жазып, ұйымдастыруына ат салысқан әне-міне жүз жасқа толатын «Жас Алаштың» қазақ баспасөзіндегі салмағы өздеріне мәлім, еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан», өткен жылы 100 жылдық мерейтойын тойлаған Алматы облыстық «Жетісу» газеті - Ілиястың ең өнімді, шұғылалы еңбек еткен басылымдары. «Қазақ» газетінің бір өзі - 1913 – 1918 жылдар арасындағы аумалы-төкпелі қазақ қоғамының сипатын түсіндіретін бірден бір газет. Осы басылымдардың бағы үстем, бағыты айқын болуында Ілиястың төккен тері көп болды десек, қателеспейміз. Мұндай бақ сол тұста да, бүгін де ешбір журналистің маңдайына қонып көрген жоқ.

Екіншіден, өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ баспасөзінің тілінің қалыптасуы үшін жанын сала күрескеннің бірі – Ілияс. Оның «Абай кітабы», «Баспасөзді қалай көтермелеу керек?», «Пән атамалары», «Мәскеу баспасындағы қазақша кітаптар», «Емле жайлы», тағы басқа да еңбектерінде қазақ баспасөзінің қадірін арттырудың толғақты мәселелері көрсетілсе, өзі қазақ журналистерінің алғашқы легін қалыптастыруға жанын сала еңбек етті. Бұлбөгі ашылмаған тақырып.

Үшіншіден, қазақ журналистикасы тарихында «Кереге» газеті жайлы көзқарас» атты дипломдық жұмысты Мәскеуде қорғаған тұңғыш кәсіби журналист Ілияс екенін біреу білсе, біреу білмейді. Ал қазақ баспасөзіне қажетті терімші, корректор, өріп тізуші мамандарды алғашқылардың бірі болып Қазақ институтын басқарып тұрғанда арнайы курс ашып, тәрбиелеген де сол бабамыз. Өкінішке орай, қазірге дейін Ілиястың қомқорлығын көрген, баспасөз саласында ұстаз тұтқан шәкірттері туралы зерттеген адам жоқ.

Төртіншіден, қазақ журналистикасына очерк, фельетон, ақ өлең, шолу, ақпараттық сын жанрын енгізген талантты журналист екенін де ешкім терістей алмайды.

Ойды ой қозғап, осы тұсқа келгенде алдымыздан тағы бір дерек сап ете қалды.

Осы құжатты көріп, тағы да тереңірек бойлай түсуге тура келді. Сөйтсек, Ілияс РОСТА (Российское телеграфное агентствоның) Қазақстандағы тілшісі болып жұмыс атқарған екен. Бұл Ілиястың сол тұстағы қазақ тілді басылымдармен қатар орыс тілді баспасөздерге де жазып тұрғанын білдіреді. Ондағы дүниелерді анықтау қазірше мүмкін болмай тұр.

Бұл айтылғандарды нақты мысалдар бұлтартпас дәлелмен айна - қатесіз анықтап бере аламын. Қазірше осы айтқандарым «Ілиясты журналист ретінде қарастыру керек» деген тұжырымымның дұрыстығын дәйектеп бере алады деген ойдамын.

Ілияс сияқты саяси қырғынның құрбаны болған Алаш арыстары жайлы сөз бола қалғанда, тағы да қазақ жазушыларын сұмырай етіп көрсететін көзқарастан әлі де арыла алмай келе жатқанымыз қынжылтады. Шындығында, өткен ғасырдың 30 – 40-шы жылдары аралығындағы баспасөздерді ақтарып қалсаңыз, қазақ зиялыларының бірін-бірі аяусыз қаралаған мақалаларға көзің түнады. Бұлшындық. Түптеп келгенде, соның бәрі НКВД жендеттерінің қолдан жасаған ойыны екенін мойындағымыз келмейді. Басқасын қайтелік, біз Ілиястың тұтқынға алынуы үшін осы күнге дейін кейбір ел ағасы болған жандарды кінәлап келеміз. Бірақ, мұрағаттағы құжаттарды тексеріп көргенімізде Ілиясқа қатысты кейбір айыптауларға сол ағаларымыздың (атын атамай-ақ қоялық) қол қойғаны анықталды. Өкінішке орай, қолға түскен сол құжаттарды арнайы сараптамадан өткізгенде қойылған қолдардың алуан түрлілігін байқап қалдық. Біз соңда ғана Ілиясты қаралаған с құжаттардың біріне есіктегі күзетші, е біріне еден жуушы, енді біріне тергеушінің қол қоя салғанын аңғарғандай болдық. Мұндай қитұрқылықты сол ағаларамыздың өздері де білмей кетті. Екіншіден, Ілиясты ақтап алу үшін Қаратаевтің қаншалықты күрескенін ескерсек, НКВД-нің жендеттері қазақ зиялыларының арасына осылай от тастап, бірін-біріне айдап салғанын оп-оңай біле аламыз. Сондықтан біз жастарға сол кездегі қазақ зиялыларының бір-біріне жау болмағынын дұрыстап түсіндіріп, сол ақтаңдақтың Кеңестік саясаттың зардабы екенін ашып беруіміз керек. Осындайда: «Киімді шайтаннан жақ қалмайды» деген халық нақылы ойға оралады. Сол ақиқатты анықтау да үлкен еңбекті қажет етеді.

Мұрағаттағы іспарақтарынан Ілиясты тергеу барысында оған «Жапонның тыңшысы» деген кінә тағылғанын білдік. Расында, Сәкенге ағылшынның, Бейімбетке француздың тыңшысы, тағысын тағы түрлі айып тағылған екен. Біз бүгінге дейін мұның өзі шындыққа жанаспайды деп келдік. Алайда, мұрағаттағы және баспасөздегі Ілиястың қолжазбаларын зерделеу барысында тағылған айыптардың шындыққа жақындығын сезінгендей болдым. Өйткені «Тілші» және «Еңбекшіқазақ» газеттерінің сарғайған сандарын ақтарып отырғанда «Шетел жаңалықтары» деген айдармен берілетін саяси шолуларды көзіміз шалды. Онда Жапония сияқты азиялық мемлекеттер мен өркениетті Еуропа елдерінің мәдениет, экономика, тағы басқа да саладағы жаңалықтары мен төңкерістерге жету жолындағы күрестері жазылып, оқырманға түсіндіріліп отырған. Сол барыста Ілиястың жапондықтардың мәдениеті мен тарихы, өнері мен өрлігі туралы көбірек жазғанын байқаймыз. Сайып келгенде, Сәкен, Бейімбет, Ілияс «Қосшы» ұйымындағы беделін пайдалана отырып, публицистикалық шеберліктерімен халықты, әсіресе, ұйқыда жатқан қазақты оятуды мықтап қолға алған. Қазақта: «Елу жылда ел жаңа» деген нақыл бар. Яғни, 1991 жылы халқымыз мәңгілік егемендікке қол жеткізді. Осы тұрғыдан келгенде, оларға тағылған айыптаудың шындыққа сәйкес келетін тұстары бар.

Қажет АНДАС.

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_office@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АТАМҰРА

Ұлы даланың өнері

Талдықорған қаласында Алтын Орданың 750 жылдығы мен «Орбұлақ шайқасының» 376 жылдығына орай тағылымды шара өтті. Бұл шараға 5000-нан астам адам жиналып, өткеннен тағылым алып, келешекке кемел ой түйді. Осы ұлан-асыр думанға біз де қатысып қайттық. Басында тарихи қойылымды тамашалап қайтамыз деген ой болып еді. Талдықорған аттшабарында өткен мерекелік шараның ұрпаққа өнеге болар сан қырлы тұсына куә болып, көңіл сарайымыз кеңіп қалды. Әсіресе, еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған қолөнер шеберлерінің өнеріне тәнті болдық. «Ел іші – өнер кеніші» дегенді аталарымыздың тегін айтпағанын осыдан білдік.

Сол қатарда Талдықорғанда бір әулеттің жеті атасының мұрасын мәпелеп сақтаған Әуесхан Мажайқызы деген ұқыпты да өнерлі, ата-дәстүр мен салт-санаға, әдет-ғұрыпқа аса бір ыждағатпен құрмет ететін ұлағатты апаны кездестірдік. Ол кісінің сақтаған мұралары көптігімен де, көріктілігімен де, бізге беймәлім өткен күндердің тарихын түгендеп берген құндылығымен де бағалы.



116 жылдық тарихы бар бесік

Ол мұралардың ішінде осыдан үш жүз жылдың алдындағы аталарымыз тұтынған тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, бүгінгі күннің болашақта жәдігерге айналар асыл қазыналары толып тұр. Айта берсек, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, қазақтың қара сабыны, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдардың түр-түрі көз сүріндіреді. Олардың қатарында Солтангелді бидің күмістелген ер тоқымы, Ұлтарақ батырдың кісесі, Жансарбай емшінің емдеу құралдары, Омарақын әншінің белбеуі, бір ғасырдан астам тарихы бар мұйық, түскиіз, ақ киізден сырып жасаған қалпақ, көрпенің тысы, кимешек-шылауыш, қыздар тағатын әсемдік бұйымдар, үкінің қауырсыны, жібек жіп, ағаштан оюлап жасалған түйме, іс тігуге арналған сонау XIX ғасырда Ресейде жасалған зеңгір мәшинасы өте бір ұқыптылықпен сақталған. Ал ертоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдірінің өзі бір төбе. Төрт, алты, сегіз, он екі өріммен өріліп, күміс жалатылып, түрлі асыл тастардан көз салынып, безендірілген ат әбзелдері мен айыл-тұрманның шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екендігі бесенеден белгілі. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр, сияқты аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікке қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгітетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналатын лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны халқадірінше өркендеткенін аңдатып тұр. Әуесхан апа өзі тіккен тұрмыстық бұйымдар, қыз жасауы, тоқымалар өз алдына бір төбе.

Қысқасы, Әуесқан Мажайқызы аса бір ұқыптылықпен аялап, сақтап, бүгінге жеткізген 500-ге жуық жәдігердің әрбірі халқымыздың өткен өміріне терең бойлап, тұғыры биік көшпенділер өркениетінен сыр шертіп тұр. Тағы бір айта кетерлігі, ол мұралардың әрбірінің өз тарихы, өткеннен сыр шертер құпиясы бар.

Басында бір өмір аялап сақтаған мұраларының тарихы жайлы сұрағанда Әуесхан Мажайқызы біраз тартыншақтады. Үйткені, бала күнінен көргенді елдің тәрбиесін көріп өскендіктен қазақы қанға сіңген қасиет бойынша аталарының атын бадырайтып айту тым өрескел сезіледі екен. «Емші ата», «Зәңгі ата», «Толқынның шешесі», «Мырза жігіт» деген сияқты жаңылдырып атаған есімдер біздің мақала жазуымызға кедергі келтіретінін түсіндіруге тырыстық. Сонда да кісі есіміне келгенде бәрі бір жаңыла берді. Бірақ біз оқырманға түсінікті болу үшін аты аталған аталардың есімін мақалада өз қалпында көрсетуге тырыстық.

– *Бабамыз Жансарбай Ұлтарақұлы өз дәуірінде ауруға жол бермеген емші, ауыздыға сөз бермеген шешен, елді ынтымақ пен берекеге бастаған, ел тізгінін ұстаған көреген кісі екен. Туғанда тым нәзік болған соң тұмаққа салып, төбеге іліп қояды екен. Соған қарап елдер Жансарбай атап кетіпті. Әулиелігі бір басқа, өз дәуірінің өгейлерімен өтеге жақын болып өтіпті. Оның үстіне ауруға жол бермеген емші болған. Атамыз 1851 жылы туып, 1946 жылы 95 жасында өмірден өткен сүйегі асыл жан еді. Бұл мұралардың ішінде сол кісіден қалған 50-ден астам жәдігер бар. Соның ішіндегі ең бағалысы күмістелген ат әбзелдері мен емшілікте дәрі-дәрмек жасауға қолданылатын кішкентай келі. Атамыз ат-әбзелдерді Торғауыттардың атақты шебері Бадыма дегенді арнайы шақырып әкеліп, төрт, алты, сегіз таспалы қазақша өрім мен он екі таспалы қалмақша өрімді араластырып өргізіп, жасатқан екен. Бұл ой қазақ-қалмақтың бұдан былайғы өмірі береке-берлікте өтсін деген асыл арманынан туындаса керек. Ал Жансекең қазақтың байырғы емшілік дәстүрі мен сол кездегі жаңаша емдеу жолдарын үйлестірген бүгінгі тілмен айтқан да білікті дәрігер. Сол кездің өзінде «Жан қалса Жансарбайдан қалады» деген ел арасында аты аңызға айналып, ардақты есімі өлгө өнеге болғаны тағы бар. Осы мұраның ішіндегі дәрі-дәрмек жасауға арналған кішкентай келі-келсапты көзінде Мәскеуде медицинаны бітірген, 1938 жылы Сөбеттө (ол кезде Қазақстанды Сөбет деуші еді) атылған, жаңаша емдеуде алдына жан салмаған татар досы Әлиев (атын ұмытып отырмын) естелікке ұсынған екен. Сол атамыздан қалған тағы бір мұра – өгіншілікте қолданылатын соқа мен шөп тарауға арналған жады. Соқаны ноғай көпестерінен сатып алыпты да, жады мен самаурынды Андрей деген казак досы беріпті. Осы құралдармен Іле өзенінің алқабындағы шұрайлы жерге егін егіп, елді алғаш отырықшылыққа жетелеген жан.*



Сақталған жәдігерлердің бір бөлігі

1910 жылдың ар жақ, бер жағында атақты шешен, жүйрік ақын Жапсарбай Сасанұлы ел аралап жүріп, тау болып үйілген тарыны Көксудың баса соққан желіне сапырып жатқан Жансарбайдың қырманынан шығады. Көпсен ала кетпекші болып қараса, ыдысы жоқ екен. Сөйтсе де құры кеткісі келмеген Жапсарбай:

Ассалаумағалейкум, Жансарбай,

Қара тамырға жүрсің жан салмай.

Қырман толсын өттөген-ай,

Келіппін-ау көпсен алуға қап салмай, – депті.

– Келіңіз, ақ түйенің қарны ақтарылып жатқан алтын күзде қырманға келіпсіз. Көпсен алыңыз деп жүннен тоқылған қара дағарға толтыра тары салып арттырып жіберіпті. Сол қапты күні бүгінге дейін сақтап отырмын, – дейді.

Расында, тарихты Әуесқан Мажайқызы емес, ол кісі сақтап келген мұралар сөйлеп тұрғандай сезілді. «Жібекті сақтай алмаған жүн етеді, қызды аялай алмаған күн етеді» дегендей, апамыз мұралардың арасынан алқүрең түсті ширатылған бір уыс жіпті алып шығып, «Бұл Қытай жібегі» деп таныстырды. Осыған дейін «Қытай жібегі» деген терминді кітаптардан оқып жүрсем де оның қандай болатынын көрмеген екенмін. Өте бір нәзік, қос саусақтың арасына салып, уқаласаң үгітіліп кететіндей биязы жіп қолға сусып тұрмайды екен. Сонда ғана Батыс Қытайдан – Батыс Еуропаға дейін жеткен әйгілі Жібек жолының қалыптасуына мұрындық болған «Қытай жібегінің» құндылығын азырақ түсінгендей болдым. Бір қызығы, жібек жіпті жақсаңыз күлі жерге түспей ауаға тарап, ұшып кетеді екен. Мұралардың ішіндегі тағы бір құнды зат – жүз жасаған бесік. Оның да естіген құлаққа жағымды, өзгеше тарихы бар.

– Жансарбай атамыз емші болған соң елдер ол кісіні үйде тұрғызбайды екен. Атағын білген соң ат жіберіп, арнайы шақыртып алатындар да көп. Ол кісі екі үйлі-алған адам. Бірінші әйелінен алты қыз туып, оның артынан Аяпберген деген ұл еркеді. Ал екінші әйелінен Омарақын атамыз туып, оның артынан алты қарындасы еріпті. 1903 жылы Құлжа қаласында казак-орыс, татардың байлары, ноғай саудагерлері, сол кездегі Қытайдың жергілікті мансаптылары, қазақтың бишонжарлары бас қосқан үлкен съезд өтеді. Сол съезге Жансарбай атамыз да шақырылыпты. Ол кісінің міндеті – съезге келетіндердің денсаулығына жауап беретін болса керек. Сонда жүргенде ұлы Омарақын дүниеге келіп, ауыл азаматтары Жансарбай атамызға сүйіншілеп барады. Бұл қуанышты бәліскен съездегі татар достары мен ноғай көпестері шеберлерге қайыңнан иіп бесік жасатып, сәбиге сыйлайды.

Қытайдың Күнес ауданының Көксу ауылына қарасты Сарысай деген сайдың аузында «Жансарбайдың қарадомалағы» деп аталатын жота бар. Алыстан төбесі үшкілденіп көрінетін жотаның үсті ат бәйгесін өткізіп, көкпар тартатын, қыз қуар жасап, түрлі ұлттық өнерден бәсеке оздыратын жер. Үйдегі кезінде күнде сол төбеге шығып, бір-екі сағат отырып қайтады екен. Бір күні төбеден асығыс түскен атамыз әйелдеріне:

– Құлағыма аттың дөмі келді. Тезірек қазан асып, дайындық жасаңдар деп тапсырады. Көп өтпей аттарына ақ сауыт бол муз қатқан екі жолаушы кіріп келеді:

– Жансекө, біз Іленің арғы бетіндегі сары Көрімбек байдың ауылының жігіттеріміз. Көрімбектің ұлы Рақыбайдың әйелі толғатқалы 20 күн болды. Қарамаған бақсы-балгер, емші қалмады. Оның шешуін сіз табады деп бай бізді жіберіп өді, – дейді.

Ас ішіліп болған соң суыт аттанып кетеді. Барса байдың әйелі 12 қанат киіз үйдің мына басынан, ана басына дөңгелеп, жаны шығып шырқырап жатқан екен. Жансарбай емші есіктен кіріп келгенде әйел сәл тыныштала қалады. Емін жасап, дұғасын оқып, ала келген шөп дәрілерін қайнатып, ішкізіп:

– Бесінде қой қорағa қайтарда босанады. Ұл болса ұлым Омарақынның жолдасы болсын, қыз болса келін етіп аламын, – деп өудем жердегі төбеге қарай бет түйді.

Бесін болып, өрістегі қой қорағa беттөгенде шырылдаған сәбидің үні шығып, жігіттер: «Шешеміз аман-есен босанды, қыз бала екен», – деп Жансарбайға сүйіншілеп жүгіреді. Сол жолы Көрімбек баймен төс соғыстырып дос болып, құда болып қайтады. Ауылға келген соң ұлы жатқан бесікті байдың ауылына жібереді. Кейін апамызды келін ғып түсіргенде сол бесік жасау-жабдықпен бірге қайта келеді. Міне, содан бері осы қайың бесікке 50-ден аса бала жатты. Осы бесікке бөленген балалардың бірде-бірі шетінеп көрген жоқ, – деп бесік жайлы білетінін айтып шықты.

Көзіміз апамыздың қолындағы күміс білезікке түсті. Күміс талшықтардан өріп, өрнектеп жасаған білезіктің он саусағынан өнер тамған шебердің жасағаны белгілі.

– Бұл шешемнен қалған естелік. Кем дегенде екі жүз жылдан асқан дүние. Шешем сексен жасқа жақындап қайтыс болды. Ол кісінің шешесі де тоқсан жасқа таяп барып қайтыс болған. Білезікті ұлы атам Рақыбай бәйбішесіне арнап жасаған екен. Ол кісінің көп зергерлік дүниесі сақталмай қалды. Атамыз 1700 жылдары өмір сүрген, – деп тағы да ағынан жарылды.

Апамыздың әр өңгімесі тұнған тарих. Ол туралы тағы бір орайы келгенде айта жатармыз. Жетпіске келген апамыз сегіз баланы өмірге әкеліп, бәрін ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындатып өсіріп, «Алтын алқалы» ана атанып отырған жайы бар. Бірақ апамыз көптен бері сақтап, қорғап, жоғалтпай ұстаған осы мұралардың елдің керегіне жаратар орайдың табылмай отырғанына сәл қиналатын көрінеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЭТО ИНТЕРЕСНО!

Манул: редкие встречи

Манул - наименее изученная дикая кошка мира. Но опрос региональных специалистов, охотников и местных жителей, проведенный в ходе масштабной экспедиции в 2009 году Сибирским экологическим центром (Новосибирск) и Казахстанской ассоциацией сохранения биоразнообразия (Алматы), показал, что на территории Алматинской области, а именно в долине Алаколя, есть подтвержденная территория обитания манула. Правда, встречи с ним крайне редки, а численность так и не установлена.

Василий ВОРОБЬЕВ, Алакольский район

Но мне повезло познакомиться с котенком-мануленком. Предыстория такова. В одном из крестьянских хозяйств, расположенном неподалеку от озера Сасыкколь, имелась кошка. Обычная, домашняя, беспородная. Мышей в доме выловила, да и в долгие зимние вечера мурлыка не помешает – скрасит одиночество.

Однако, природа берет свое. Кота поблизости нет ни в этом ЮХ, ни в соседнем, расположенном километрах в 7-8. Прокрав пару-тройку дней, кошка исчезла и появилась из камышей ровно через два дня. А в положенный срок принесла двух котят. Расцветка для кошек нехарактерная: симметричные полосы на мордочках, лапах и хвосте, кисточки на маленьких ушках – как у рыси. Манула?! К тому же, следы этой дикой кошки и сотрудники заповедника, и хозяин крестьянского хозяйства встречали, но самого зверя видеть не приходилось. Он видит, в основном, ночной образ жизни.

Одного дикаренка хозяин «фазенды» привез домой, в Ушарал. Благо, своя кошка окотилась и кормила котенка. Мы думали, что она не примет дикаря из камышей. Но, как мы ошибались! Катюха (так зовут кошку) заботливо облизала приемыша, а уже через несколько минут и он, и ее котенок мирно лежали в коробке и сосали материнское молоко.

Однако, инстинкт охотника живет и в малыше. Вначале он переселился в гараж, затем устроился на крыше дома. Увидеть его можно лишь в сумерках или на рассвете, когда он спускается поесть или поохотиться. Да-да, в полтора месяца мануленок спокойно ловит мышей, которые водятся под кроличьими клетками. И никто его этому не учил!

Характерная особенность: если попытаться взять его на руки, он прижимает уши к голове, словно рысь, шипит и бьет лапами. А когти еще те! Да и в росте он уже в полтора раза обогнал свою приемную мать. Достается от него и щенку, который пытается поиграть и порычать на мануленка. Одной поднятой передней лапы достаточно, чтобы тот, поджав хвост, улепетывал подальше.

Чтобы сделать эти фото, мы с соседским сыном два (!) дня караулили мануленка. Поймали с трудом, отделались глубокими царапинами на руках и смогли сделать лишь две фотографии. Его просто не удержать в руках! И, главное, не пугается, а наотмашь бьет лапой и по руке, и по фотоаппарату. Оказавшись на земле, исчезает мгновенно, чтобы появиться только в сумерках. Такой вот он – котенок-мануленок.



«НА РОДИНЕ ЕЛБАСЫ»

Ценные подарки от бабушки Ауесхан

В селе Шамалган одноименного сельского округа Карасайского района, в историко-культурном центре «Атамекен» состоялись праздничные торжества, приуроченные ко Дню Первого Президента Республики Казахстан. Они так и назывались - «На родине Елбасы».

Танзиля МУХТАРОВА, Карасайский район



Немаловажно то, что в этом центре собраны экспонаты, повествующие о жизни Елбасы, его детских и юношеских годах, профессиональном росте и становлении личности. В свое время их предоставили фонд, библиотека и музей Первого Президента РК, а также Национальная библиотека РК, музей СШ имени Карасай батыря села Шамалган и Карасайский районный историко-краеведческий музей.

В рамках торжественной части праздничного мероприятия, вклад многих карасайцев в организацию деятельности этого центра был отмечен благодарственными письмами от его руководства. Кроме того, директор центра «Атамекен» Аделия Коржумбаева рассказала о том, что было сделано за два года со дня его открытия. Продолжением торжества стала концертная программа с участием талантов района.

Кроме того, в целях реализации идей, озвученных Елбасы в его статьях «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой степи», здесь была организована выставка под названием «Кенергенмен өзі, көненің көзі». Экспонаты на ней были предоставлены 70-летней бабушкой Ауесхан Мажайкызы, которая собирала их на протяжении многих лет.

Некоторым из них уже порядка пяти веков. Есть здесь серебряное седло, принадлежавшее Солтанкельди бию, медицинские инструменты лекаря по имени Жансарбай и многие другие. Эти и другие вещи она преподнесла в дар центру «Атамекен». По словам же ее сына - краеведа Кажета Андаса, в дальнейшем все эти экспонаты будут показаны и в других музеях страны.

ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Старейший завод

в поиске своего места на рынке

О «Ремстройтехнике», флагманском предприятии в советские годы, ныне переживающем не лучшие времена, мы писали не единожды. Недавно мы вновь побывали там, чтобы узнать, как обстоят дела сегодня.

Рамазан ЕЛЕШЕВ, Илийский район



Генеральный директор АО «РСТ» Светлана Ганина в беседе о перспективах завода выразила, как говорят в таких случаях, надежду на то, что завод выстоит в трудные времена и в будущем выйдет на другие орбиты, оставшись по-прежнему флагманом экономики Илийского района.

Конечно, за получасовую беседу всех проблем не перескажешь, но ключевые – на поверхности. Мы поговорили о кадрах, о том, что качественный уровень образования приходящей на завод молодежи с ВУЗов и колледжей оставляет желать лучшего и ее приходится прямо-таки перевоспитывать «на марше». Попытались выяснить, что нужно делать государству, чтобы стимулировать инновации в конкретных отраслях, в частности, в производстве бетонных изделий, где перенимать лучший мировой опыт и практику? По мнению руководителя-производственника, тут должны быть четкая позиция государства и механизмы, чтобы наши предприятия не были технологически отсталыми и не «варились в собственном соку» поодиночке.

Необходима работа координаторов на уровне министерства, создание предприятий в регионах таким образом, чтобы каждый выпускал специализированную продукцию, а иначе – постоянная конкуренция и демпинг цен однотипной продукции, по типу зарубежных стран.

Очень плохо также, что в условиях либерализации рынка и создания якобы конкурентной среды отменено лицензирование производства строительных материалов. То есть, практически любой человек может создать сегодня маленькое производство бетонных изделий и свободно торговать ими. Конечно, ни о какой проверке входного сырья в специализированных лабораториях речи тут идти не может и, соответственно, гарантии на продукцию вам никто не даст. В ценовой политике РСТ, конечно, проиграет более маленьким предприятиям, где нет таких затрат и налоговой нагрузки. Громоздкая «Ремстройтехника», даже работая по стандартам и нормам, останется с качественным, более дорогим, но нереализованным товаром. Увы, действительность такова.

«Также в последние годы, в сравнении с предыдущими, было заметно меньше государственных программ, в которых могло бы участвовать предприятие, пополнив портфель заказов и улучшив экономические показатели», - посетовала гендиректор.

Заместитель директора по коммерческим вопросам Марат Тойшубеков и главный инженер Максим Максимов провели меня по большой территории завода, затоваренной его продукцией. Территория его огромна – более 20 га. И тут фактически два завода – железобетонных конструкций и механический. Кстати, напомню, что здесь выпускают тюбинги для Алматинского метрополитена, изделия для промышленного, жилищного, энергетического, коммунального строительства, для железнодорожных мостов и автомобильных дорог, благоустройства и ЖКХ. А также изделия для гидротехники, мелиорации, газификации и др. – более 50 наименований. На день нашего посещения работали 350 человек.

Внутри корпусов задействованы все пролеты цеха, где производятся опорные конструкции для электрических ЛЭП, лотки для ливневых канализаций и теплотрасс, малые бетонные трубы для арыков, въездов и выездов, пропуска вод в дорожном полотне и прочее.

Главный инженер не без гордости продемонстрировал нам готовый параболический мелиоративный лоток на стенде, пояснив: «Вряд ли сегодня кто-то, кроме нас, может проводить испытания лотков перед сдачей на водопроницаемость».

В целом же, пояснили корреспонденту, сегодня предприятие работает примерно на 30% от своих возможностей из-за отсутствия крупных, долгосрочных заказов.

PS. Когда верстался номер: перед печатью материала мы позвонили на завод и нам сообщили: «Сегодня переходим на двухсменную работу. Заказ по мелиоративной программе». Всего в 2019 году будет произведено 21600 куб. м.

Что ж, радует уже то, что движение к росту объемов производства, даже небольшое, наметилось.

ХОРОШАЯ НОВОСТЬ

Ащибулакский сельский округ - один из густонаселенных, и в одном, входящем в его состав, селе Коккайнар проживают 5 тысяч человек. Здесь есть средняя школа, врачебная амбулатория и 4 детских садика. Однако, спрос на места в детских садах опережает предложения, и малый бизнес быстро реагирует на такие ситуации.

Рамазан ЕЛЕШЕВ, Илийский район

Праздник для детей

Накануне Дня Первого Президента тут открылся очередной, новый частный детский сад «Толағай». Здание двухэтажное, рассчитано на 250 детей. Оборудовано всем необходимым для учебного, воспитательного процесса, питания и отдыха. Здесь уже в действующих группах, и вместе с педагогическим и техническим персоналом трудоустроены 30 человек.

По словам заведующей Анары Мухаметжановой, коллектив - для воспитания разносторонней личности ребенка, подготовки его к самостоятельности, умению решать поставленные задачи - будет придерживаться передовой методики Марии Монтессори.

Перед собравшимися выступил заместитель акима района Альмасбек Сапибаев, поздравивший жителей села с хорошей новостью. Отметив, что за годы независимости в Илийском районе сумели довести обеспеченность детскими садами от 20% в первые, самые трудные годы до более чем 90% сегодня, и до конца года эта цифра достигнет 100%.

После состоялись традиционное бата почетного аксакала, разрезание ленты и шашу. Гости прошли в помещения, осмотрели большие, светлые, оформленные, с детской мебелью комнаты. Затем в актовом зале была представлена концертная программа, подготовленная юными воспитанниками.



ИННОВАЦИИ

Корнишоны от «Эко продукт +»

На термальных источниках Арасана Дардамтинского сельского округа расположены десятки тепличных хозяйств Уйгурского района. В канун Дня Первого Президента здесь состоялось открытие нового тепличного комплекса. Инвестиционный проект реализован ТОО «Эко продукт +» на сумму 400 млн тенге.

Асель МУКАШЕВА, Уйгурский район

Два года назад инвесторы, получив участок общей площадью 5 гектаров, на участке 1,2 га начали строительство современного тепличного комплекса по турецкой технологии. При поддержке голландских специалистов, на новом объекте было налажено производство корнишонов, выращиваемых без химических добавок.

По словам директора ТОО «Эко продукт+» Рамиля Баситова, теплица работает на гидропонике и производит экологически чистый продукт, который пользуется большим спросом потребителей. Постоянной работой здесь обеспечены 25 человек. В ближайшие три года планируется расширение тепличного хозяйства на 3 га.

Присутствовавший на церемонии открытия аким района Шухрат Нуралиев отметил, что на сегодняшний день в регионе, благодаря термальным источникам Арасана, увеличивается количество производственных теплиц, общей площадью 10,4 га. За первое полугодие урожай кладовых солнца составил 1200 тонн свежих огурцов и томатов, из которых 500 тонн экспортировано в Российскую Федерацию.

Претворение в жизнь инновационных проектов по развитию тепличного бизнеса совпадает с приоритетами программы «Зеленой экономики», - подчеркнул Шухрат Нуралиевич. - День за днем увеличивается спрос на экологически чистую продукцию тепличных хозяйств, ежегодно расширяются площади посадок и получающих богатый урожай овощей.

В ходе экскурсии по производственному объекту глава региона ознакомился с технологией выращивания огурцов сорта «корнишон», применяемым гидропоники для получения качественного урожая.

В целом, по району действуют 10 теплиц. Среди них пятерку лучших представляют ТОО «Энжима Инвест», собравшие с 4 га 7872 ц помидоров и 920 ц огурцов, ТОО «Эко парк Тур», с одного гектара получившие 407 ц отборных томатов, ТОО «Инна», с 1,3 га собравшее 1124 ц огурцов, АО «Берлик», вырастившее на 1,6 га 3355 ц огурцов, а также ТОО «Patrya Bra», пилотный проект которого по посадке 20 молодых саженцев лимона увенчался первым успехом - 600 кг полезного продукта. В перспективе - количество саженцев увеличится до 600.



ИСТОРИИ НЕТЛЕННЫЕ СТРАНИЦЫ

Предвестники независимости

По доброй традиции в преддверии Дня Независимости аким области Амандык Баталов встретился с участниками декабрьских событий 1986 года. В ежегодной встрече приняли участие порядка 30 человек. Отметим, что в данное время в Жетысу проживают 148 «декабристов», и в канун праздника каждому из них будет перечислена единовременная материальная помощь.

Татьяна СМИРНОВА



Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА

Обращаясь с приветственным словом в их адрес, Амандык Габбасович отметил, что декабрьские события не только возродили национальный дух, но и помогли обрести независимость и суверенитет.

- События 1986 года оставило неизгладимый след в истории нации. Многие молодые люди были наказаны, будучи невиновными, идя против несправедливости. Лидер нации Нурсултан Назарбаев сказал: «Декабрь, подтолкнувший молодежь выйти на площадь, стал предвестником независимости. Были предприняты попытки придать этому националистический характер и намерения межнационального конфликта. Сама история доказала, что это не так. Молодежь требовала только справедливости, равенства и независимости». Единство, дружба и согласие - главные ценности нашей страны и ее народа. За годы независимости Казахстан стал известен всему миру, отличаясь динамичным развитием экономики и уверенным движением вперед, - сказал Амандык Баталов.

От имени участников встречи выступил руководитель областного общественного объединения «Жетісулық желтоқсандықтар» Ермукан Жунисхан. Поздравив всех с наступающим праздником, он поделился личными воспоминаниями о декабрьских событиях, произошедших 33 года назад.

- Независимость вдохновила наши сердца, укрепила уверенность в завтрашнем дне. Усилия молодежи, стремившейся к приобретению независимости, были оправданны - на сегодняшний день мы живем в суверенной, многонациональной, динамично развивающейся стране. Мы трудимся во благо своей Родины и желаем процветания нашему государству, - отметил Ермукан Жунисхан.

В ходе встречи к главе области обратилась жительница Талдыкоргана Лязат Жалашова. Женщина попросила субсидировать подключение к газу домов «декабристов» и установить памятник в память об участниках декабрьских событий 1986 года. Амандык Баталов поддержал идею и поручил решить вопрос по газу в рамках Социальной карты, разработанной в регионе. Кроме того, глава области предложил установить памятную доску у подножия флагштока в парке «Жастар».

- Ваши имена уже прочно вошли в историю нашей республики, и с каждым годом ваш вклад в становление независимости будет только возрастать, - отметил Амандык Габбасович и вручил благодарственные письма «виновникам» встречи.

В ОБЩЕСТВЕННОМ СОВЕТЕ

Больше средств на социальные нужды

В ходе очередного заседания Общественного совета был рассмотрен проект бюджета области на 2020-2022 годы. Основными сферами финансирования за счет целевых трансфертов станут образование, здравоохранение и поддержка социально уязвимых слоев населения.

Андрей ЯРОПОЛОВ

Представители управления экономики и бюджетного планирования озвучили следующие цифры. Доходная часть бюджета на ближайшие годы превысит 492 миллиарда тенге. Из них 68,4 миллиарда - налоговые поступления. Наибольший объем субвенций предлагалось предоставить Бейнеускому району - 10,2 млрд тенге, Жамбылскому району - 8,7 млрд тенге и Алакольскому - 7,2 млрд тенге.

На нужды сферы образования предлагалось направить 46,4 млрд тенге, здравоохранения - 3,5 млрд тенге, социальную помощь - 25,3 млрд тенге.

Кроме того, более 7,8 млрд тенге предусматривается на возмещение расходов субъектам АПК. Еще 2,1 млрд тенге необходимо для субсидирования лизинговых обязательств при приобретении крестьянами сельхозтехники.

По программе «Ауыл - ел бесігі», направленной на развитие сельской инфраструктуры, требуется 561,1 млн тенге. Средства будут направлены на развитие систем водоснабжения и водоотведения, теплоэнергетики, строительство новых инженерных сетей.

После обсуждения проекта бюджета области на 2020-2022 годы члены Общественного совета одобрили его единогласно.

Нур Отан

Плоды созидательного труда

Накануне празднования Дня Независимости Республики Казахстан аким области, председатель областного филиала партии «Nur Otan» Амандык Баталов провел очередное заседание партийного актива.

Татьяна ДЕМИДОВА

Открывая встречу, глава области отметил, что в связи с переходом первого заместителя областного филиала партии Галиаскара Сарыбаева на другую работу, по предложению Бюро Политического совета областного филиала партии на его место назначен депутат областного маслихата Жанболат Жоргенбаев. Амандык Габбасович отметил, что за годы работы в партии Галиаскар Толендиевич проявил себя как настоящий патриот, душой болеющий за работу во благо жителей области, и выразил уверенность, что сменивший его Жанболат Жоргенбаевич [illegible] этот курс на таком же уровне.

В свою очередь новый первый заместитель председателя областного филиала партии выразил признательность за оказанное доверие и заверил, что оправдает возложенную на него ответственность.

В продолжение актива Амандык Баталов сказал, что в конце ноября Первый Президент РК Елбасы Нурсултан Назарбаев встретился с представителями региональных филиалов партии «Nur Otan» и отметил труд всех, кто внес вклад в становление и развитие главного политического объединения страны. Нурсултан Абишевич акцентировал внимание на важности единения усилий во благо [illegible] всех программных документов развития страны. Это, прежде всего, Стратегия «Казахстан-2050», государственные программы «Ауыл - ел бесігі», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» и другие немаловажные направления.

Обращаясь к однопартийцам, глава региона сказал, что наше общество уверенно стартовало к новой великой цели, провозглашенной Стратегии «Казахстан - 2050».

- О достижениях страны за 28 лет говорят сегодняшние показатели. Наша область получила динамичное развитие. Доля малого и среднего бизнеса в ВРП достигла 32%, за последние пять лет мы привлекли более 760 миллионов долларов прямых иностранных инвестиций. Благодаря государственной программе «Нұрлы жол» построили и реконструировали 550 км крупных автомагистралей, возрос транзитный потенциал области. Благодаря принимаемым мерам в этом году по области 672 многодетных семьи получат долгожданное жилье. Более 200 [illegible] многодетных семей за счет собственных средств приобрели меценаты региона. В предстоящем году мы продолжим работать в рамках Социальной карты и оказывать помощь, - подытожил Амандык Баталов.

Затем аким области поздравил всех присутствующих с наступающим праздником и подчеркнул, что наша главная ценность - это люди, которые своим трудом, бережным отношением к истории и традициям прославляют родную землю.

- Народ Казахстана вместе со своим Президентом продолжают строить суверенное, процветающее государство. Поэтому долг каждого из нас беречь, умножать достигнутое за годы независимости нашего государства. Это только начало строительства суверенного, цивилизованного, правового государства, имя которому - Казахстан, - сказал глава края Жетысу.

После этого он наградил ряд партийцев почетными грамотами и благодарственными письмами. Молодые люди, пополнившие ряды партии, получили из рук Амандыка Баталова партбилеты.

ХРАНЯ ТРАДИЦИИ

Наследие Ауесхан апа



Историко-культурный центр «Атамекен», расположенный на родине Елбасы, организовал праздничное мероприятие «Елбасы туған жерде».

Еламан ТУРСЫНКАНОВ, Карасайский район

В честь знаменательной даты в Центр были приглашены представители интеллигенции района, известные в районе граждане и другие почетные гости. Поприветствовала участников встречи директор учреждения Адиля Коржумбаева.

– В этом году в Центре «Атамекен» прошла встреча Лидера нации Нурсултана Назарбаева с жителями села Шамалган. С рабочим визитом нас посетила министр культуры и спорта Республики Казахстан Актоты Райымкулова. В целом, с момента открытия у нас побывало более 28 тысяч посетителей.

– В этом году коллекционер Ауесхан Мажайкызы безвозмездно передала в Фонд коллекцию уникальных экспонатов, отражающих пятивековую жизнь нашего народа, которые являются достоянием семьи, – сказала она.

Мероприятие продолжилось выставкой «Кенергенмен әзі, кеменің кезі». Гостям были представлены увлекательные работы мастерицы Ауесхан Мажайкызы. Среди экспонатов представлены предметы быта, которыми пользовались наши предки триста лет назад: казан, ложки, самовар, нож, кружка. Также в их числе головной убор Кызай, серебряное седло Солтангельды би, пояс Ултарак батыра, лечебные приборы целителя Жансарбая, сетка для ловли орла, перчатки и многое другое охотничье снаряжение. Наряду с презентацией экспонатов Ауесхан-апа рассказала о ремеслах, казахском промысле, ценности поэзии и жизнедеятельности наших предков.

В рамках мероприятия сотрудники центра отметили некоторых из гостей специальным благодарственным письмом и представили праздничный концерт.

ВСТРЕЧИ

Она защитила детей

В преддверии празднования Дня Независимости нашей республики аким области Амандык Баталов принял психолога Матайской средней школы Ажар Дуйсенбекову, которая, выявив факт насилия над подростками, способствовала привлечению виновного к ответственности, а также своевременно оказала нужную психологическую помощь пострадавшим.

Богдан СЕРГЕЕВ

В беседе с Ажар Дуйсенбековой Амандык Габбасович рассказал, что узнал о ней и о ее поступке, прочитав пост блогера Жанны Ахметовой, опубликованный на странице автора в социальной сети «Фейсбук».

- Сегодня каждый педагог, каждый психолог должен работать так, быть неравнодушным и своевременно оказывать необходимую профессиональную помощь. Почему сейчас растет число фактов суицида среди подростков? Потому что, попадая в трудную жизненную ситуацию, подросток в силу своего возраста не может найти выход из сложившейся ситуации и остается один на один со своей проблемой. Родителям очень важно реагировать на любые изменения настроения и поведения ребенка, дав понять, что вы его друг, от которого нет секретов, который всегда готов протянуть ему руку, выслушать и уже вместе найти выход из сложной ситуации. Педагоги тоже должны быть внимательны, ведь большую часть времени дети находятся в стенах учебного заведения. Говоря о вас, Ажар, отмечу, что вы ответственно выполнили все обязанности, возложенные на вас как на педагога-психолога. Вы - пример для подражания и гордости, спасибо вам, - отметил Амандык Баталов и вручил женщине Почетную грамоту от своего имени и памятный подарок.

В свою очередь, Ажар Дуйсенбекова выразила благодарность за оказанное внимание, отметив, что на ее месте каждый психолог поступил бы так же.

- Не могу сказать, что я сделала что-то особенное, просто выполнила свой профессиональный долг. Каждый ребенок должен расти в добре, любви и заботе, никто не имеет права причинять детям вред, а тем более боль, навсегда калеча юную душу, - подчеркнула Ажар Дуйсенбекова.

Отметим, что она работает в средней школе Аксуского района педагогом-психологом уже 11 лет. Вместе с супругом воспитывают троих сыновей. В прошлом году она сыграла важную роль в судьбе двух девочек-подростков, вовремя оказав им профессиональную помощь, а также способствовала наказанию их обидчика в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

15 ДЕКАБРЯ - ДЕНЬ ЭНЕРГЕТИКА

Энергетики работают круглосуточно

15 декабря свой профессиональный праздник отмечают работники энергетической промышленности Казахстана. Это коллективы предприятий, вырабатывающих энергетические ресурсы (ТЭЦ, ГЭС, альтернативные источники), передающих и осуществляющих сбыт электроэнергии.

Василий ВОРОБЬЕВ, Алакольский район



Важно выработать электрическую энергию, но не менее важно обеспечить ее транспортировку и надежное электроснабжение потребителей, считает начальник Алакольского РЭС Дулат Аханов. И развитие экономики района можно напрямую оценить, сопоставив потребление электрической энергии и населением, и предприятиями промышленности и АПК, и туристической инфраструктурой зоны отдыха «Алаколь». В зимний период нагрузка по региону составляет 16 МВт/час, в летний – 12-13 МВт/ час.

В ведении РЭС линий электропередач 110 -36,5 км., 35 кВ - 219,6 км., 14 подстанций различной мощности. А вот воздушных линий электропередач на порядок больше. Мы обслуживаем 328,36 км линий 10 кВ и 405,69 км линий 0,4 кВ, на которых имеется 118 комплексных трансформаторных подстанций. Согласитесь, что на коллектив менее чем в 100 человек нагрузка солидная, если еще учесть ураганные ветра «Сайкан» и «Евгей», частые бураны.

В текущем году энергетики Алаколя провели капитальный ремонт электрооборудования на сумму 19 млн 193 тыс. тенге. На эти средства проведены работы по переносу затопленных участков линий электропередач 10 кВ на обочину автодороги Ушарал - поселок Камыскала. Вне плана выполнены работы по переводу электроснабжения пос. Кайнар на подстанцию 35/10 кВ в поселке Жайпак.

Для повышения уровня напряжения поселка Актубек трансформаторная подстанция 10/0,4 кВ перенесена в так называемый центр нагрузок. Также на других электросетевых объектах проведен текущий ремонт на сумму 7 млн 762 тыс. тенге.

Успешное проведение вышеупомянутых работ - заслуга всех рабочих Алакольского РЭС, которые круглосуточно, в зной и мороз, обслуживают свое немалое электрохозяйство. Нужно отметить вклад в общее дело старшего мастера Асхата Жаркынова, мастеров Ушаральского участка Кайрата Даришева и Бескольского участка Сержана Дугабаева, инженера грозозащиты и диагностики Айдына Кабдолова, электрослесаря группы ПС Самата Мухамадиева, электромонтеров оперативно-выездной бригады Ерлана Омарова и Асылзата Найманбаева, водителя автокрана Александра Шапоренко, контролеров Жанар Игибаеву, Галию Тугамбаеву, Кульзию Уальшанову и многих, многих других.

В непростых погодных условиях Алаколя работает коллектив электрических сетей района. Но с поставленной задачей – надежным электроснабжением региона – справляется успешно.

ПОДПИСКА-2020

Уважаемые читатели!

Началась подписка на газету «Огни Алатау» на 2020 год.

Как и прежде, наша газета будет выходить три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу. В субботу газета будет выходить в увеличенном объеме, в полноцветном варианте. Для отдельных категорий подписчиков предусмотрены льготы.

	индексы	12 месяцев		6 месяцев	
		город	село	город	село
Для юридических лиц	19470	9044,64	9663,84	4522,32	4831,92
Для пенсионеров	35470	5797,44	6416,64	2898,72	3208,32
Для сотрудников бюджетных организаций	45470	8068,72	8685,92	3033,36	3342,96
Общая индивидуальная подписка	65470	6337,44	6956,64	3168,72	3478,32

Кроме того, для жителей г. Талдыкоргана производится альтернативная подписка с получением газет в редакцию по адресу: г. Талдыкорган, ул. Жумекена Башенова, 28, 3-й этаж.

Альтернативная подписка

	12 месяцев	6 месяцев
Для юридических лиц	7200	3600
Для пенсионеров	4000	2000
Для сотрудников бюджетных организаций	4200	2100
Общая индивидуальная подписка	4600	2300

Также на 2020 год вы можете подписаться на газету «Огни Алатау» в электронном формате. Пока подписаться на нашу газету в таком формате можно только в редакции в г. Талдыкоргане, по адресу: ул. Жумекена Башенова, 28, 3-й этаж, и в представительстве нашей газеты в г. Алматы, по адресу: ул. Жолдасбек, 112, 5 этаж.

Подписка на газету в электронном формате

	12 месяцев	6 месяцев
Для юридических лиц	6600	3300
Для пенсионеров	3300	1650
Для сотрудников бюджетных организаций	3500	1750
Общая индивидуальная подписка	3700	1850

Не упустите свой шанс!
Помните: «Огни Алатау» – это надежный источник достоверной информации.

«ТұздыБасТау» ЖШС Алматы облысы Кеген ауданы Қаржаз ауылының тұрғындарын Алматы облысы Кеген ауданында орналасқан Восточный учаскесі, Шеп-Адыр тұз кенішінде, тұз өндіруге арналған экологиялық жоспардың қоршаған ортаға әсерін бағалау және ашық жиналыс туралы «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары» жобасын талқылау үшін қоғамдық гимараттында жаппай тыңдау болатынын хабарлайды.

Тыңдау 2020 жылдың 15 қаңтарында сағ. 11.00-де өтеді. Барлық қызығушылық танытқан азаматтарға borohova2014@mail.ru мекенжайы бойынша және жергілікті атқарушы органның сайтында ҚОӘБ материалдарымен танысу мүмкіндігі беріледі.

ТОО «ТуздыБасТау» уведомляет жителей Алматинской области Кегенского района пос. Каржара о проведении общественных слушаний проекта Оценки воздействия на окружающую среду к Плану горных работ и в форме открытого собрания по проекту «План ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении соли Шоль-Адыр участок Восточный» по добыче на месторождении соли Шоль-Адыр участок Восточный, расположенном в Кегенском районе Алматинской области в здании акимата.

Слушания будут проводиться 15.01.2020 года в 11.00 часов. Всем заинтересованным гражданам предоставляется возможность ознакомиться с материалами ОВОС по запросу на электронный адрес: borohova2014@mail.ru и на сайте местного исполнительного органа.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

«САМҒАУ» – 2019

ҮЗДІКТЕР САМҒАҒАН СӘТ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Талдықорған қаласында облыс әкімінің журналистерге арналған премиясы – дәстүрлі «Самғау» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Журналист мерейі өссе – халыққа құт. Бүгінгі баспасөздің басты борышы көптің көкейіндегі ойды тамыршыдай дөп баса білуде жатыр. Онысы отаншылдық пен опагерлікке ұйытар көркем аңсардан туған мәйекті мақалалардың жемісі болса керек. Міне, журналистік міндетімізді мінсіз атқаруға тырысып, Б. Римова атындағы саф өнердің сарайында дос көңіл, хош пейіл, лала лебізге толы аймақтық журналистердің дәстүрлі мерекесі аталып өткенін тағы да барша жұртқа жып-жинақы мақала етіп жариялап отырмыз.

Мұхтар КҮМІСБЕК

Сәл кідіріп, ақпарат айдынында құлаш сермеп келе жатқан жүлделі журналистерге бажайлай қарасаң, жүздерінде нұр ойнағанын аңдау қиын емес. Жылына бір рет өтетін дүбірлі додада топ жарып, аймақ басшысының қолынан сыйлық алып жатса, көңілі дарқан әріптестеріміз қалайша толқымасын деп түйдік.

Көп өтпей толқыған теңіздің асау толқынындай күй кешкен журналистерді марапаттаудың сәті жетті. Алқалы жиынның шымылдығы "Kazakh Quartet" тобының орындауындағы әйгілі классикалық шығармалармен ашылды. Алғашқы сөзді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ алды.

– Мен іссапармен қайда барсам да, алдымнан шыққан азаматтар Жетісуды мақтай жөнеледі. Жерұйық мекеннің тұмса табиғатын, зәулім ғимараттарын айтады. Мұның бәрі журналистер – сіздердің арқаларыңыз. Себебі, сіздер жұрттың жағдайын басты назарда ұстап, халыққа жеткізіп отырасыздар. Мен үнемі таңертең үстел үстіне қойылған газет-журналдарды оқып шығамын. Кешкі жаңалықтарды да қалдырмаймын. Егер күрделі мәселелерді байқасам, бірден шешу жолдарын іздеймін. Егемен еліміздің жарқын жетістіктері мен толайым табыстары әрбір азаматтың көңіліне қуаныш сыйлайды. Ал сол жетістіктерге жетісулықтардың да қосқан үлесі зор. Біз мәдениет, әдебиет, әлеумет, экономика сынды сан сала бойынша толымды көрсеткіш көрсетіп келеміз. Талдықорған шаһары көрсе көз тоймайтын келбетті қалаға айналды. Құрылыс саласы жанданып, түрлі әсем ғимараттар сап түзеді. Бұл – сіздер мен біздің ортақ жеңісіміз. Баршаңызды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! – дей келе, ақпарат айдынында жемісті желкен көтеріп келе жатқан журналистер қауымына мерекелік басқосуды пайдаланып, ақ алғысын білдірді. Сонымен қатар, жылдың жайдары жаңалықтарын атап өтті. Сөз орайы келгенде өңіріміздегі әдебиет саласында жүрген қаламгерлердің де жарқын жеңістерін жетісулықтардың ортақ қуанышы екенін әңгімеледі. Бұдан бөлек, желілік басылымдарды да оқып отыратынын, облыста кейбір өзекті мәселелерді алдымен журналистердің материалынан оқып-біліп, көретінін, шешімі таппаған дүниелерді үнемі назарда ұстайтынын айтып берді. Әлеуметтік желілерді күнделікті қарап, "Tengrinews", "Nur.kz" секілді ақпараттық сайттарға көз жүгіртіп, облыс туралы шыққан жаңалықтарға арнайы белгі қойып, сала мамандарына тиісті тапсырмалар беретінін де жасырмады.

Аймақ басшысының ақжарма сөзінен кейін марапаттау рәсімі басталды. Өңіріміздегі журналистер үшін жылдың басты сыйлығы саналар «Самғау» байқауы 11 аталым бойынша өтті. Аталған байқауға Жетісудағы журналистерден 145 өтінім қабылданған. Дегенмен, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар саналғандар санатында бұқаралық ақпарат құралдары саласының 33 қызметкері бой көрсетті.

Атап айтсақ, «Баспа басылымының ең үздік дизайны, инфографика» аталымы бойынша қалалық «Талдықорған» газетінің беттеушісі Айжан Сәдуақасова жеңімпаз деп танылды. Ал «Үздік бейнеклип өндеуші (монтаж)» аталымы бойынша «Жетісу» телеарнасының режиссері Шалқар Құсайынов 1-орын иегері атанса, «Үздік облыстық Vlog немесе үздік блогер» номинациясының жеңімпазы болып Сандуғаш Дүйсенова танылды.

«Үздік желілік басылым» аталымы бойынша Ognialatay.kz сайтының веб-редакторы Александр Склабовский, «Үздік тілші» аталымы бойынша Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Зейнегүл Жұмабекова, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша «Рухани жаңғыру» фотогалереясы үшін Жеңіс Ысқабай жеңімпаздар қатарынан көрінді. Сонымен қатар, «Үздік оператор» аталымы бойынша «Жетісу» телеарнасының операторы Айдос Қалиев оза шапты. Ал «Үздік журналист» аталымы бойынша "Ұлттық код: кітап, музей, театр" атты мақаласы үшін облыстық "Жетісу" газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев 1-орын алды.

«Үздік тележурналист» номинациясы бойынша облыстық «Жетісу» телеарнасының редакторы Мадина Айтқалиқызы, «Үздік республикалық (халықаралық) тілші» аталымы бойынша «Хабар» арнасында шыққан «7 граней великой степи – новые сведения о золотом человеке» сюжеті үшін Әділхан Сахариев жеңімпаз болды. «Облыстық журналистика саласына қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша журналистика саласында 45 жыл еңбек еткені үшін 10 мыңнан астам репортаж бен хабарлар авторы, Қазақстанның кешегі және қазіргі телевизия тарихында табан аудармастан 25 жыл бойы жаңалықтар редакциясында репортер болып қызмет еткен журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Республикалық «Нұр Сұңқар» сыйлығының лауреаты, Алматы облысының Құрметті азаматы Тілеуқабыл Мыңжасар марапатталды.

Айта кетерлігі, ғасыр асқан "Жетісу" газетінің де биыл бағы жанып, мәртебесі өсті. Олай дейтініміз, ата басылымның бірқатар қызметкері «Самғау» байқауының жүлделі орындарын иеленді. Мәселен, «Үздік желілік басылым» аталымы бойынша «Жетісу» газеті сайтының веб-редакторы Қуаныш Тұңғатар, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша аға фототілшіміз Жұмабай Мұсабеков жүлделі 2-орын иегерлері деп танылды. Оған қоса, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясының 2-орнын газетіміздің беттеуші-дизайнері Мөлдір Мұраталинова алса, 3-ші тұғырдан Роза Жексембекова көрінді. Ал "Үздік республикалық (халықаралық) тілші» бойынша әріптесіміз Қажет Андас 2-орын жеңімпазы атанды. Байқаудың үздік үштігінен көрінген жеңімпаздардың барлығына ақшалай сыйлық берілді.

Шырайлы кеш барысында ардагер Тілеуқабыл Мыңжасар сөз алып, облысымызды биік белестерге бастап келе жатқан облыс басшысы Амандық Баталовқа деген алғысын білдірді. Сонымен қатар, халық пен билік арасына алтын көпір болған журналистердің жауапкершілік жүгі ауыр, өтемі күшті екенін тілге тиек етіп, Жетісу топырағындағы тілшілер қауымының шығармашылықтарына табыс тіледі. Ары қарай айтулы шара эстрада жұлдыздарының арнайы концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Білу бар да, айту бар. Бұқараның көкейінде бүгіп жатқан сан қилы дүниелерді мінбедегілерге жеткізуді мақсат еткен БАҚ өкілдерінің еңбегі ерен. Әлемдік өркениет көшіне қосылған ел ретінде дүние дидарындағы қым-қиғаш құбылыстарға пікір қосып, пайым илеуінен өткізетін жансебіл жандардың жетістіктері мұнымен шектеліп қалмақ емес. Келесі жылы да ойға сүйек, тілге тиек болатын мезгілді мәселелер көтеріп, журналистік зерттеуімен билік пен халық арасына жол салған талай тілшінің томағасы ағытылары сөзсіз.

Талдықорғанда «NurOtan» партиясы облыстық филиалының актив жиыны өтті. Шараға облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Амандық БАТАЛОВ қатысты.

СЕНІМ БІЛДІРДІ

Айдар ҚАЛИЕВ



Жиынды облыс әкімі кіріспе сөз сөйлеп ашып, облысымызда жасалып жатқан жұмыстар мен жеткен жетістіктер, басқа да іс-шаралар жайында айтып өтті. Сонымен қатар, партияның облыстық филиалы төрағасының бұған дейінгі бірінші орынбасарының атқарған жұмысына оң баға берді.

– Сіздерді арманымыздың асқары, ел болашағының бастауы болған ұлық та қастерлі мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Мереке алдында «Nur Otan» партиясы филиалының активін жинап, орын алған кадрлық өзгерістерге байланысты партия активі жиналысын өткізуді дұрыс деп шештік. Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаевтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты партияның облыстық филиалының саяси кеңесі бюросының ұсынысы бойынша және партия жарғысының 9.3 тармағына сәйкес «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің бұйрығымен **Жанболат Жөргенбаев** партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды, – дей келе Жанболат Әкебайұлын жаңа қызметімен құттықтап, жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясының барлық өңірлік филиалдары өкілдерімен кездесуінде алға қойған міндеттерді орындап, партия филиалы жұмысының сапасын жақсартып, халықтың партияға деген сенімін арттырып, тұрғындармен арадағы байланысты нығайтуға бағытталған жұмыстарды толықтай атқаратынына сенім білдірді.

Өз кезегінде сөз алған Жанболат Жөргенбаев: «Ең бірінші, үлкен сенім артып, жауапты істі жүктеп отырған облыс әкіміне, партия мүшелеріне алғыс білдіремін. Қызметімде адалдық, табандылық танытып, партия жұмысын одан әрі жандандыруға атсалысуға дайынмын. Тынбай еңбек етіп, алдағы жоспарларды толықтай орындап, сенімдеріңізді ақтау үшін бар күшімді саламын. Елбасы сеніп тапсырған әр бастаманы орындауға, ұлтымыздың ұйысуына күш салып, бірлік пен ынтымақты, татулық пен тыныштықты басты мақсат етіп белсене жұмыс атқарамын», – деп өзіне көрсетілген үлкен сенім үшін ризашылығын білдірді.

Осыдан кейін облыс әкімі шараға жиналған қауымды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін ақтарды. Сонымен қатар, партияның 20 жылдығына орай өңірдің өркендеуіне, партияның бағдарламаларын іске асыруға елеулі үлес қосып жүрген азаматтар мен партия белсенділерін марапаттап, бірқатарына партия билетін табыстады.

Жиын соңында Амандық Ғаббасұлы жаңа тағайындалған басшыны қызмет орнына жайғастырды.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен Достық үйінде «Рухани жаңғыру – Тәуелсіз Қазақстанның тарихи ұстанымы» атты облыстық форумы өтті.

ТАРИХИ ҰСТАНЫМ

Форумға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» КММ директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, этномәдени бірлестіктердің, аналар кеңесінің төрағалары мен мүшелері, бастауыш партия ұйымының, кітапханалардың, әскери бөлімнің өкілдері қатысты.

Жиында Ғабит Тұрсынбайұлы баяндама жасап, шараның маңыздылығын сөз етті. Сонымен бірге, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсе директорының орынбасары Бағдат Науқанов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Закиржан Кузиев, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» ғылыми-білім беру орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Назгүл Байғабатова ойларын ортаға салды.

Биыл «Шатлық» халықтық ән және би ансамбліне 50 жыл толды. Форум аясында «Шатлық» ансамблінің концерттік нөмірлері ұсынылып, ұйғыр этномәдени орталығының ұлттық тағамдары мен қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

СЕССИЯ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ

Облыстық әкімдікте ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабына сәйкес облыстық мәслихаттың кезекті LV сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, облыстық мәслихат хатшысы Сұлтан Дүйсембінов, басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері мен депутаттар қатысты. Сессия жұмысын облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы Жандолла Әбдімұратов жүргізді.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Күн тәртібінде қаралған алғашқы мәселе – облыстың 2020-2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту. Одан кейін облыстық мәслихат депутатының депутаттық өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасын сайлау жайы қаралды.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов республикалық бюджеттен 2020-2022 жылдарға 417,1 млрд. теңге бөлінгенін айтты. Облыстың меншікті кірістері бойынша 2020 жылға арналған бюджет 248,7 млрд. теңгені көрсетуде. Ол 2019 жылдың бекітілген бюджетінен 16,9 пайызға артық. 2021 жылға 271,5 млрд. теңге, 2022 жылға 296,8 млрд. теңге қарастырылған.

– Үш жылға арналған бюджеттің шығыс бөлігінің жобасының жалпы көлемі 1,8 триллион теңге. Жоспарланған қаражаттың ең көп үлесі, яғни, 23,2 пайызы әлеуметтік салаға бөлінбек. Тұрғын үй және инженерлік коммуникацияға 18,6 пайыз, сумен қамтамасыз етуге 4,1 пайыз, газбен қамтамасыз етуге 2,7 және басқа да салаларға 51,4 пайыз көлемінде бөлінді. Білім беру саласы бойынша 2020 жылға ағымдағы шығындарға 251,4 млрд. теңге қарастырылған. Бұл ағымдағы жылмен салыстырғанда 43,4 пайызға өскен. Жергілікті бюджет есебінен қосымша көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыруға, пән кабинеттерін, мектептердегі жаңа модификациялық кабинеттерді, мектептерде құрылатын IT сыныптарды жабдықтауға, нысандарды өртке қарсы өңдеуге және құрал-жабдықтарын сатып алуға, күрделі жөндеу жүргізілген мекемелердің материалдық-техникалық базаларын нығайтуға, ауылдық жерлерде оқушыларды жақын мектепке дейін тасымалдау үшін автобустар сатып алуға, білім беру мекемелерінде пандустарды орнату бағыты бойынша қаржы көздері қарастырылған. Даму бюджеті бойынша 14 мектеп және 4 жатақхананың құрылысына жергілікті бюджеттен 14,5 млрд. теңге бөлінбек. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 11,1 млрд. теңгеге артып отыр, – деді басқарма басшысы Жомарт Әмірханов.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының 2020 жылға жоспарланған бюджет шығындарының көлемі 21,7 млрд. теңгені құрайды. Жергілікті бюджет есебінен бір көппәтерлі 29 үйдің және 750 жеке тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарына бюджет есебінен қаржы бөлінген. Мәдениет, ауылшаруашылығы, көлік және коммуникация, дене шынықтыру және спорт, ішкі саясат салаларына да қаржы бөлінді.

Екінші мәселе бойынша сөз алған облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Дауытов ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 20 бабы 4 тармағына сәйкес облыстық мәслихат депутаты Борис Артемовтің сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін сот айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты облыстық мәслихат депутатының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін көтерді. Облыстық мәслихат депутаттары бұл мәселеге қатысты бірауыздан дауыс беріп, оң шешім қабылдады.

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы болып облыстық мәслихат депутаты Мұхит Үмбетов бекітілді.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов бюджеттің бекітілуін қуаттаған депутаттарға алғысын жеткізіп, ендігі мақсат осы қаржыны дұрыс игеріп, діттеген мақсаттарға жұмсап, қолға алған істі өз деңгейінде жүзеге асыру екендігін атап өтті.

– Республикада жергілікті бюджет бойынша біздің облыс алдыңғы қатардан көрініп келеді. Бұл – бәріміздің жетістігіміз. Алайда кемшін тұстар да жоқ емес. Мәселен, Кеген ауданы мал шаруашылығына өте қолайлы аймақ. Бірақ ешқандай да ет комбинаты жоқ. Осы іс бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс. Ал Кербұлақ ауданында халық игілігі үшін арнайы жобалар бойынша кәсіпорын, зауыт ашу ісі кенжелеп тұр. Таяуда Ескелді ауданы мен Текелі қаласында қоғамдық қабылдау өтті. Мұнда негізінен баспана мәселесі көтерілді. «7-20-25», «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әр ауданда міндетті түрде жаңа көпқабатты баспана бой көтеруі тиіс. Инвестор тартып, баспана салу ісін жалғастырыңыздар. Келер жылы облыс орталығында 22 үй салынатын болады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында да жұмыстар атқарылады. Қай сала болса да, нәтижесін халық көруі тиіс. Осыны ұмытпағандарыңыз абзал.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға жұмыс сапарымен барып, инвесторлармен келісіп, екі ел арасындағы байланысты нығайтып қайтты. Біз осы істен үлгі алуымыз керек. Мен сіздердің жұмыстарыңызды кәсіпорын, зауыт ашып, халықты жұмыспен қамтығандарыңыз бойынша бағалаймын. Жаңа жобалар арқылы біз инвестор тартуымыз керек. Сонда ғана жергілікті бюджет қоры мол болмақ. Осы қарқында жұмыс істеп, аудан, қалаларды дамытуымыз керек. Мысалы, Райымбек ауданында құрылыс жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 200-ге жуық жас ауылға қайта оралды. Жол, жарықтандыру, ауызсу мәселелері өз шешімін табуда. Міне, біздің басты мақсат – елге қызмет ету. Олай болса, келер жылы бәріміз бірге халық игілігі үшін берекелі қызмет етейік, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Жиында облыс әкімі қазіргі уақытта газбен жабдықтау желісіне қосу ісі, жол құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқанын, Шамалғанда орын алған қайғылы жағдайға байланысты жаңа көпір құрылысының басталғанын айтты. Келер жылдың басты жұмысы газдандыру екенін ерекше атап өтті. Кезек күттірмей атқарылатын жұмыстарды тікелей облыстық басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне тапсырды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИ КЕШ

ЖЫРЛАРЫНДА ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ БАР

Талдықорған қаласы, Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты «Құрмет» орденінің иегері Зайда Елғондинованың «Мен Тәңір сүйген ақынмын» атты әдеби-лирикалық кеші өтті.



Кеш барысында қазақ елінің мақтаныштары Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Аққұштап Бақтыгереева сынды ақын қыздарымыздың аты аталып, Зайда апайымыздың сіңлілері деген лайықты құрметпен Алматы, Қапшағай қалаларынан арнайы шақырылған Жетісудың ақын қыздары апамыздың өлеңдерін нақышына келтіре оқып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Апамыздың артынан ерген сіңлілері тек жырдан шашу ғана шашып қоймады ақынға ақ тілектерін де білдірді. Сонымен қатар жыр көшінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама бас-қармасының басшысы Мәрлен Көлбаев облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы сый-сияпатын табыс етті. Мұнымен қоса Қазақстан Жазушы-лар Одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, Алматы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлсара Исағұлова, Көксу ауданы өкімінің орынбасары Ұлан Досымбеков сөз алып, жылы лебіздерін жеткізді. Көксу ауданы әкімінің орынбасары Ұлан Әлдібекұлы аудан басшысының Құттықтау хаты мен сый-сияпатын табыс етсе, ақын Бауыржан Өміржанұлы «Тәуелсіздік» өлеңін оқып, көрерменді рухтандырып, бір серпілтіп тастады. Сондай-ақ, Көксу ауданының тумасы, ақын Зайда Елғондинованы құттықтап Тараз қаласынан келген телевизия саласындағы құрбылары, Түркістан қаласынан арнайы келген қонақтар да жылы лебіздерін жаудырды. Көште ақынның сөзіне жазылған әсем ән де шырқалды. Әдемі көшке жиналған көрермен қауым ақын поэзиясының адалдығын, тылсымын жасырған дариядай тереңдігін, таңғы шықтай мөлдірлігін жүректерімен сезіне білді. Әйел затына тән ибалылық, жігерлілік, айнымас сүйіспеншілік - ақын өлеңдерінің өзегі. Зайда апайымыз сынды ақын қыздарымыз тұрғанда, нәзік жүрек қылын қозғайтын поэзия қашанда өміршең болмақ....

Майра БАЙБОЛАТОВА,
Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
КӨКСУ АУДАНЫ

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

ЕЛБАСЫМЫЗ Н.НАЗАРБАЕВ «ДАМЫҒАН, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ БОЛУ ҮШІН, БІЗ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ҰЛТ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК» ДЕЙ КЕЛЕ, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУДЫ ТАЛАП ЕТІП ОТЫР. К.УШИНСКИЙ: «МҰҒАЛІМ - ӨЗІНІҢ БІЛІМІН ҮЗДІКСІЗ КӨТЕРІП ОТЫРҒАНДА ҒАНА МҰҒАЛІМ, АЛ ОҚУДЫ, ІЗДЕНУДІ ТОҚТАТҚАНДА, ОНЫҢ МҰҒАЛІМДІГІ ДЕ ЖОЙЫЛАДЫ», - ДЕГЕН ЕКЕН.

Білімді ұрпақ - болашақтың кепілі

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да мектеп қабырғасынан білім алып, ұстаздан тәрбие алғандар. Қоғамның дамуына байланысты білім саласы күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, ғылым мен технологияның дамыған заманында да білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда барлық мектеп жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Заманына қарай амалы демекші, бұрыңғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт.

«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», - деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған. Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс- тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ.

XXI ғасыр жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастырады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді жетік меңгеру болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Сондай-ақ, бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған.

Қорыта айтқанда, жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Баян ЖАНАБАЕВА,
№7 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖӘДІГЕРЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығы «Елбасы туған жерде» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырып, құтты қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.



Айтулы мейрамның құрметіне орай, орталыққа ауданның зиялы қауым өкілдері, басқа да белгілі азаматтар мен мәртебелі меймандар шақырылды. Олардың бірқатары «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, өнерпаз жандардың концерттік бағдарламасына куә болды. Басқосуда аталмыш орталықтың директоры Адиля Берікқызы мәдени ошақтың екі жылдық өсебін баяндап, маңызды ақпараттан құлағдар етті.

– *Биыл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Шамалған ауылы тұрғындарымен кездесуі «Атамекен» орталығында өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова арнайы іссапармен келді. Жалпы, орталық ашылғалы бері 28 мыңнан астам көрермен келіп, жан сарайын кеңітіп қайтты. Орталықтың қорындағы жәдігерлер саны күннен-күнге көбеюде. Биыл жәдігер жинаушы Әуесхан Мажайқызы халқымыздың 5 ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін, бір әулеттің мұрасы саналатын бір топ жәдігерді көмекші қорға тегін тапсырып отыр,* – деді ол.

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған шараның жалғасы тағылымы мол «Көнергенмен өзі, көненің көзі» атты көрмемен жалғасты. Шара аясында қолөнерші, жәдігер жинауға жаны құмар Әуесхан Мажайқызының тың дүниелері қонақтар қауымына таныстырылды. Жетпіс жастың жетегіндегі әжейдің V ғасырлық тарихы бар мұраларының қай-қайсысы болмасын өткеннен сыр шертетін және қасиетін жоғалтпаған құнды дүниелер екені көрініп-ақ тұрды.

Ол жәдігерлердің арасында көненің көзі болған Қызай қалпақ пен шылауыш, осыдан үш жүз жылдың алдындағы аталарымыз тұтынған тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, бүгінгі күннің болашақта жәдігерге айналар асыл қазыналары толып тұр. Айта берсек, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, қазақтың қара сабыны, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдардың түр-түрі көз сүріндіреді. Олардың қатарында тарихта аты қалған Қызай қалпақ, Солтангелді бидің күмістелген ер тоқымы, Ұлтарақ батырдың кісесі, Жансарбай емшінің емдеу құралдары, Омарақын зәңгінің белбеуі, бір ғасырдан астам тарихы бар мұйық, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын өте бір ұқыптылықпен сақталған. Ал ер-тоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдерінің өзі бір төбе. Төрт, алты, сегіз, он екі өріммен өріліп, күміс жалатылып, түрлі асыл тастардан көз салынып, безендірілген ат әбзелдері мен айыл-тұрманның шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екендігі бесенеден белгілі. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр, сияқты аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікте қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгітетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналатын лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны хал-қадірінше өркендеткенін аңғартады.

Шара аясында Әуесхан апа қазақтың қолөнер шеберлігін паш ететін дүниелерді де қоса көрсетіп, жастарға ата-бабаларымыздың құны тозбас өнері мен өміршең тіршілік тынысын таныстырды.

Бұлбұл НҰРБЕКОВА,
«Атамекен» тарихи-мәдени орталығының бас қор сақтаушысы.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

3
28.12.2019

КЕЗДЕСУ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

БАС РЕДАКТОРЛАРМЕН БАС ҚОСТЫ

«Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жайлы қоныс екен» деп қазақтың данагөй абызы Асан қайғы сүйсінген, таңғажайып табиғат көріністеріне, рухани жәдігерлерге, ежелгі ескерткіштерге бай Жетісу өңірі исі қазақтың құт мекені. Бүгінде өркенді өлке құлашын кеңге жайып, заман ағымымен тотыдайын таранып, күн өткен сайын құлпырып келеді. Бұл – елім деп еңбек еткен арда азаматтар еңбегінің жемісі десек қателеспейтініміз анық. Осындай көркем шаһардың тыныс-тіршілігі, жеткен жетістігі және аймақтық басылымдарға жазылу барысы қала әкімі Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ пен облыстың айнасы саналған «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің редакторлары Әміре ӘРІН мен Атсалим ИДИГОВТЫҢ кездесуінде кеңінен талқыланды.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Қасиетті сөз өнерінің қадіріне жеткен Әміре Әрін Жетісу өлкесі басын тауға, аяғын көлге, арқасын құмға төсеп тарих көшіне ілесіп келе жатқан көне қаланың бүгінгі өсіп-өркендеуі жайлы жұртшылық әрдайым жақсы ықылас білдіретіндігін айтты.

– «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген сөз бекерге айтылмаған. Әкімдер тікелей халықпен жұмыс істейді. Олардың мұң-мұқтажын біліп, жоқ-жітігін түгендеп отырады. Бүгінгі заманда ел басқару оңай емес. Көптің көңілінен шығу қиын. Десе де, өзіңіздің ұжым бірқатар салаға қан жүгіртіп, аймақтың ішкі өнімін арттырып, жұмыссыздық пен баспана мәселесін еңсеріп келеді. Бұған экологиялық, өңірдегі озық бастамалар мен денсаулық сақтау саласындағы ілкімді істер дәлел. Жетісу жерінің тыныс-тіршілігін, жылт еткен әр жетістігін насихаттауда өңірдің қос ата басылымының ұжымы үлкен еңбек етуде. Біздің ұжым мүмкіндігінше соған лайық жұмыс істеуге, халыққа мазмұнды, мағыналы дүние беруге тырысады. Атқарып жүрген әр ісіміз тек халық игілігіне арналуы тиіс, – деді «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін.

Газет – нақты ақпараттың көзі екенін алға тартқан қала басшысы басылымды үнемі қолдайтынын білдіре келе жеткен жетістік пен атқарылатын істер туралы баяндады.

– Үлкенге ізет көрсетіп, батасын алып, ақылын тыңдап, халыққа жағдай жасауды басты парызым деп білемін. Қаладағы атқарылған әрбір игі шара тек халыққа арналады. Соған орай, жылдық бюджет 99,8 пайызға игерілді. Коттедж қалашығында бюджет есебінен барлығы 506 үй, 900 орынды мектеп, 280 орынды балабақша құрылысы жоспарланған. 157 коттедждің құрылысы аяқталып, 155 баспана кілті әр санат бойынша тіркелген азаматтарға табыс етілді. Сондай-ақ, 100 коттеджді жеке құрылыс компаниялары өз есебінен салады. Осы тұрғыда баспана қазіргі таңдағы басты мәселе. «Үйі жоқтың күйі жоқ» деген сөздің тамыры тым терең. Қалаға әкім болып тағайындалғанымда облыс әкімі Амандық Баталов «Инвестор тартып, құрылыс жұмыстарын жандандыруды қолға алу керек. Құрылысшы болғандықтан баспана мәселесіне терең көңіл бөліп, жұмыссыздық деңгейін төмендету жолында үлкен іс атқаратыныңа сенемін», – деген еді. Артылған сенімге селкеу түсірмеу үшін келер жылы 6-7 шағынаудандардағы құрылысы бітпеген 290 пәтерлі 5 үйдің, 8-шағынауданында 1543 пәтерлі 39 үйдің, 9-шағынауданда 2734 пәтерлі 66 және Шығыс шағынауданында 5 көпқабатты үйдің құрылысы жүзеге асады. Нәтижесінде 2020-2021 жылдары тұрғын үй құрылысын үдету мақсатында бюджет есебінен 4 мың 627 пәтерлік 111 үйдің құрылысы басталмақ. Қазіргі таңда табиғи газбен қамту жұмысы да жолға қойылып келеді. Жалпы 926,6 шақырым газ құбыры желісі салынуы жоспарланды. Табиғи газ құбырына 8 633 абонент қосылды. Бұл сала бойынша жоспар асыра орындалғанын ерекше атап өткен жөн. Үй кезегінде 1 мың 228 көпбалалы ана тіркелсе, 3000 көп балалы ана қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүру билетімен қамтамасыз етілді. Табиғи газға 148 көпбалалы отбасы тегін қосылды. Демеушілер есебінен 8,7 млн. теңгеге киім-кешек, 49 отбасына 122,5 тонна көмір тараттық. Алайда мемлекет тарапынан барынша жақсылық жасалып жатса да кейбір жандардың теріс әрекеттері мен қанағатсыздығы көңілге көлеңке түсіреді. Ұжымның жұмысын өсірмей, өшіріп тастайтыны өкінішті, – деген ойымен де бөлісті.

Қазіргі таңдағы басты мәселе – тұрғындардың ауылды жерден қалаға тіркеуге тұрып, үй алуға кезекке тұруы. Халық үшін баспана басты мәселе болғандықтан, әр санат бойынша барынша баспанамен қамту жұмыстары жүргізілуде. Ғалымжан Райылұлы базардан сауда жасап, қарапайым халықтың сатып алған азық-түлігін таразыдан жеп жүрген сатушылардың да теріс әрекеттерін әшкерелеп, қосымша бақылау таразысын орнатуды қолға алуда.

Көпбалалы әрі қарапайым отбасында дүниеге келген Ғалымжан Райылұлы – халықпен тіл табыса білетін, олардың арыз-шағымдарына жүрдім-бардым қарамайтын азамат. Табиғатынан көпшіл, меңмендігі жоқ, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса алатын қабілетке ие. Сондықтан да, ең бірінші көпбалалы және аз қамтылған отбасының жағдайына көп көңіл бөледі. «Ниет» қайырымдылық қорымен келісім шарт жасап, жүзден аса отбасына тегін киім беруді, көпбалалы отбасына арнайы азық-түлік алуға ақшалай сертификат беруді жолға қойған. Әкімнің бұл қарекетіне көпбалалы ана да, күн көрісі төмен жандар да риза болмай қайтсін?! «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді қазекем осындай азаматтарға қаратып айтқан болар.

Жастайынан спортқа қызығып, бокспен шұғылданып ер жеткен Ғалымжан Әбдірайымов бүгінгі таңда халықаралық «Әлем ФАЙТЕРС» клубының Президенті. Аталған клубқа басшылық етіп жүрген жерлесіміз Ардақ Назаров бүгінде жастардың «кумиріне» айналғаны белгілі. Осыны алға тартқан қала басшысы жастармен кездесу өткізуде Ардақ Назаровты арнайы шақырып, қазақ азаматтарының рухын көтеру жолында ерен үлгісін алға тартуда. Спортпен шұғылданған адам жаман әдеттен аулақ болатындығын үнемі айтудан шаршамайтын басшы спорт арқылы адамның ішкі жан дүниесі изгіленетіндігін дәйектеп берді. Өз кезегінде спортшылар алатын ауыр соққыны саясаттан да ұшыратқан мемлекеттік қызметші табиғи ұстамдылығы арқылы аяғынан тік тұрғандығын қойылған сауалға орай айтып берді. Ережеге бағынбайтын өнердің ауылынан да құр алақан емес екенін байқадық. Әкімнің ақындығы бар екенін сырттай естіп жүр едік, бүгін әбден көз жеткіздік. Бірнеше әдемі әнге сөз жазған екен. Ұйып тыңдап, бір желпініп қалдық. Әсіресе, композитор Бауыржан Есебаевтың әніне жазылған «Жан балам» атты туындысын отбасылық қуанышта зайыбымен бірге орындауы өзін де әншілік қырынан танытып тұрды.

Міне, өзіне жүктелген үлкен жауапкершілікті ерекше сезіне білетін, қандай жағдайда да ар-ұяттан аттап көрмеген, әрі ешкімге кек сақтамайтын кешірімді жетекші, халықтың алғысы мен үлкеннің батасын алған басшы айрандай ұйып отырған ұжым жұмысын жоғары бағалады. Біздіңше, қазіргі және болашақта атқарылатын үлкен істердің бәрі әкімнің іскерлігін, қабілеткарымының зор екенін аңғартады. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай айтқандай, жұрт тарапынан белсенді әкімге қолдау көрсетіліп жатқандығы бәрімізді қуантады.

Келелі кездесу соңында Атсалим Идигов өзінің кітабын сыйласа, Әміре Әрін ақ батасын беріп, іскер азаматтың жұмысына табыс тіледі.

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

Балаларға базарлық

Бикен Римова атындағы облыстық драма театры оңалту орталығының балаларына арнап «Сиқырлы айна» қойылымын ұсынды.

Қайырымдылық шарасына «Бәйтерек» және «Үміт» оңалту орталығының бүлдіршіндері, «Қамқор» балалар үйі, есту, сөйлеу қабілеті нашар балалар интернатының тәрбиеленушілері шақырылды.

Театр директорының орынбасары Ғалия Темірбаеваның айтуынша, мүмкіндігі шектеулі балаларға қуаныш сыйлау болашақта да жалғаса береді. «Барлық бала бақытты болуға лайықты. Жас өскінді қоғамнан алыстатпау керек. Балалардың шаттанғанына біз де қуанып отырмыз. Көрермендердің жағдайына қарай қойылымды қысқартыңқырап беруге тырысамыз. Барлығы бүлдіршіндердің қуанышын еселеу үшін жасалып жатқан жағдай», – деді ол.

«Сиқырлы айна» балалардың көңіл-күйін көтерді. Аяз ата мен Ақшақар сахнаға шыққанда ұл-қыздар шапалақ ұрып, мәз-мейрам болысты. Ертегі кейіпкерлері театр ішін қуанышқа бөледі.

Қойылым желісі бойынша түлкі, қоян, аю, мысық Жаңа жылды күтіп отырады. Бірақ үнемі зұлымдық ойлап жүретін мыстан кемпір осы жолы да сиқырлы айнаға қарап отырған орман аңдарын алдап соғуға әрекет етеді. Десек те, әділдік пен ізгілік түбінде жеңіске жетеді. Өмірдегі негізгі мақсат та сол, адамдар ізгілікпен, бірбіріне деген мейіріммен ғана мәңгі жасайды. Балалар қойылымнан адамгершілік пен парасаттың не екендігін ұғынып, әдемі әсерге бөленіп тарқасты.

Ғалия Әмірқамзақызы Президент шыршасына орай балақайларға тағы бір қойылым қоятындарын айтты. Ертегіні негізінен жақсылық пен жамандық жасайтын кейіпкерлер сомдайды. Мұндағы айтайын деген негізгі ой – түптің-түбінде әділдіктің жеңетіндігін жеткізу. Мақсат – балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Қайырымдылық акциясындағы «Сиқырлы айна» ертегісі де адалдықтың салтанат құруымен аяқталады. Балалар жаңа театр мен көңіл сергітер ертегіні тамашалап, жүздері бал-бұл жайнап шықты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Жәдігерлермен толықты

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығы «Елбасы туған жерде» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырып, құтты қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Айтулы мейрамның құрметіне орай орталыққа ауданның зиялы қауым өкілдері, басқа да белгілі азаматтар мен мәртебелі меймандар шақырылды. Олардың бірқатары «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, өнерпаз жандардың концерттік бағдарламасына куә болды.

Басқосуда аталмыш орталықтың директоры Адиля Беріккызы мәдени ошақтың екіжылдық есебін баяндап, маңызды ақпараттан құлағдар етті.

– Биыл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Шамалған ауылы тұрғындарымен кездесуі «Атамекен» орталығында өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова арнайы іссапармен келді. Жалпы, орталық ашылғалы бері 28 мыңнан астам көрермен келіп, жан сарайын кеңітіп қайтты. Орталықтың қорындағы жәдігерлер саны күннен-күнге көбеюде. Биыл жәдігер жинаушы Әуесхан Мажайқызы халқымыздың 5 ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін, бір әулеттің мұрасы саналатын бір топ жәдігерді көмекші қорға тегін тапсырып отыр, – деді ол.

Осылайша, Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған шараның жалғасы тағылымы мол «Көнергенмен өзі, көненің көзі» атты көрмемен жалғасты. Шара аясында қолөнерші, жәдігер жинауға жаны құмар Әуесхан Мажайқызының тың дүниелері қонақтар қауымына таныстырылды. Жетпіс жастың жетегіндегі әжейдің V ғасырлық тарихы бар мұраларының қай-қайсысы болмасын өткеннен сыр шертетін және қасиетін жоғалтпаған құнды дүниелер екені көрініп-ақ тұрды.

Ол жәдігерлердің арасында көненің көзі болған Қызай қалпақ пен шылауыш, осыдан үш жүз жылдың алдындағы аталарымыз тұтынған тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, бүгінгі күннің болашақта жәдігерге айналар асыл қазыналары толып тұр. Айта берсек, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, қазақтың қара сабыны, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдардың түр-түрі көз сүріндіреді.

Олардың қатарында тарихта аты қалған Қызай қалпақ, Солтангелді бидің күмістелген ер-тоқымы, Ұлтарақ батырдың кісесі, Жансарбай емшінің емдеу құралдары, Омарақын зәңгінің белбеуі, бір ғасырдан астам тарихы бар мұйық, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын өте бір ұқыптылықпен сақталған. Ал ер-тоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдерінің өзі бір төбе.

Төрт, алты, сегіз, он екі өріммен өріліп, күміс жалатылып, түрлі асыл тастардан көз салынып, безендірілген ат әбзелдері мен айыл-тұрманның шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екендігі бесенеден белгілі. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр сияқты аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікке қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгітетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналатын лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны хал-қадірінше өркендеткенін аңдатады.

Шара аясында Әуесхан апа қазақтың қолөнер шеберлігін паш ететін дүниелерді де қоса көрсетіп, жастарға ата-бабаларымыздың құны тозбас өнері мен өміршең тіршілік тынысын таныстырды.

Бұлбұл НҰРБЕКОВА,
«Атамекен» тарихи-мәдени орталығының бас қор сақтаушысы

Қарасай ауданы